

Біз қандай қиын-
қыстау сындарда да
өзіміздің жауынгерлік
даңқымызға дақ
түсірмеген халықпыз.

Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

#QAZAQSTAN30



ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ
МЕНҮШІН
МАҢЫЗЫ...

4

АЛМАТЫНЫҢ АЙЫМДАРЫ



АРҒЫМАҚ
МІНГЕН АРУ

6

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!



KAZHYDROMET.KZ

Алматы қаласы бойынша
ауа райы болжамы
(бүгін және ертең)

09.10.2021

Түнде:



+1+3 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз

Күндіз:



+12+14 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз



Желдің жылдамдығы:
0-5 м/с

10.10.2021

Түнде:



+1+3 °C
Көшпелі бұлтты,
жауын-шашынсыз

Күндіз:



+8+10 °C
Көшпелі бұлтты,
жаңбыр




Желдің жылдамдығы:
3-8 м/с

ОРТАЛЫҚ АЛАҢ

Қаржылық тұрақтылық – даму кепілі

Мемлекет басшысы Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаевты қабылдады



Мемлекет басшысына Ұлттық банк төрағасы биылғы 9 ай ішіндегі ақша-несие саясатын жүзеге асырудың алдын ала қорытындылары туралы айтты. Әлемдік экономиканы қайта қалпына келтірудің қарқыны және оны пандемияға дейінгі деңгейге жеткізу, сондай-ақ, дамыған елдердегі орталық банктердің ақша-несие саясатын күшейтуге көше бастағаны жөнінде есеп берді.

Ерболат Досаев Президентке қыркүйек айында жылдық инфляцияның 8,9 пайызға дейін өскені жайында баяндады. Айлық инфляцияның артуына ақылы қызметтер, соның ішінде, ең алдымен

білім беру және тұрғын үйлерді жалға алу салалары әсер еткен.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа Ұлттық банктің Үкіметпен бірлесіп жүзеге асырып жатқан инфляцияға қарсы кешенді шаралары және инфляцияны болдырмау жөніндегі монетарлық саясаттың негізгі бағыттары туралы мәлімет берілді. Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына қатысты баға биылғы тамыз айындағы 10,4 пайыздан қыркүйекте 9,6 пайызға дейін төмендегені айтылды.

Ұлттық банк төрағасының мәліметі бойынша шикізат тауарлары бағасының қымбаттығына, тұтынушылар тарапынан туындаған шектеулерге байланысты әлемдегі тұтыну бағалары ең жоғары деңгейде сақталуда. Кездесу барысында жыл соңына дейін және 2022 жылға арналған энергия тасымалдаушылар бағасына қатысты болжамдар ұсынылды. Президентке Ұлттық банктің алтын-валюта резервтері мен Ұлттық қор активтерінің жай-күйі, сондай-ақ, валюта нарығындағы ахуал жөнінде баяндалды. Сондай-ақ, Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау аясында Ұлттық төлем жүйесін дамытудың және цифрлық биометриялық сәйкестендірудің ұлттық платформасын құрудың алдын ала нәтижелері туралы мәлімет берілді.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

МЕРЕЙ

«Отан» орденімен марапатталды

Қазақстанның Халық әртісі, екі мәрте Мемлекеттік сыйлықтың иегері Досхан Жолжақсыновтың 70 жылдығына арналған салтанатты жиын өтті



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.



Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық мәдениет, кинематография және театр өнерін дамытуға қосқан айрықша еңбегі үшін Досхан Жолжақсыновты «Отан» орденімен марапаттау туралы Жарлыққа қол қойды.

Кеше Алматыдағы «Достық үйінде» Мемлекеттік хатшы Қырымбек Көшербаевтың төрағалық етуімен Алматы қаласының Құрметті азаматы, Қазақстанның Халық әртісі, екі мәрте Мемлекеттік сыйлықтың иегері Досхан Жолжақсыновтың 70 жылдығына арналған салтанатты жиын өтті. Оған Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров қатысты. Жиын барысында Досхан Қалиұлы Мемлекет басшысының Жарлығымен берілген «Отан» орденімен марапатталды. Салтанатты жиынды ашқан Қырымбек Көшербаев алдымен, мерейтой иесіне Тұңғыш Президент – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев пен Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Құттықтау хаттарын оқып, табыс етті.

ҚЫСҚА...

- Қазақстандықтар 2022 жылдан бастап шет елдегі шоты туралы мәлімет беруі тиіс.
- Елімізде 9 баллдық жер сілкінісіне шыдамды жатақханалардың үлгісі әзірленді. Оның 23-і Алматыда салынбақшы.
- Биыл 225 қандасымыз жеңілдетілген тәртіппен Қазақстан азаматтығын алды.
- Елімізде жеңіл көліктерді жалға алу көлемі 61 пайызға артқан.
- Қала әкімдігі колледждерде орта медицина қызметкерлерін даярлау үшін 391 грантқа қаржы бөлді.
- Ғалымдар үшін «Болашақ» бағдарламасы бойынша шетелдік тағылымдамалардан өтуге арналған мамандықтар тізіміне тағы 18 мамандық енгізілді.

www.almaty-akshamy.kz





БРИФИНГ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕ

Мегаполисте эпиджағдай тұрақталып келеді

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров «Орталық коммуникациялар қызметінің» алаңында шаһардағы эпидемиологиялық жағдай мен КВИ-дің алдын алу шаралары жайында баяндады. Брифингке, сондай-ақ, қаланың бас санитарлық дәрігері Жандарбек Бекшин мен Қоғамдық денсаулық басқармасының басшысы Нариман Табынбаев қатысты. Онда індеттің таралу қарқыны басылғанымен, әлі де қырағылық таныту керектігі, екпе алудың маңыздылығы туралы айтылды.

Алматыда КВИ жұқтыру саны 74%-ға азайды, төмендеу үрдісі жалғасуда

КВИ-дің тәуліктік өсімі 25 тамыздан бастап 1,16-дан 0,2%-ға дейін төмендеді. Қалада инфекциялар санының төмендеуі шамамен 74% құрады. Ержан Бабақұмаровтың мәліметіне сәйкес, ағымдағы жылдың басынан бері КВИ-дің 152 мыңнан астам жағдайы тіркелген (152 298). Оның ішінде 19 шілде мен 6 қазан аралығында 85 000 жағдай тіркелген.

«2020 жылдың жазында және 2021 жылдың басында біз «ухань» итамымен байланысты екі толқыннан өттік. 2021 жылдың көктемі – «альфа» итамымен туындаған толқын. 19 шілдеде «дельта» итамынан туындаған инфекцияның ең ауыр толқыны басталды. Бүгінде біз осы толқыннан шықтық», – деді Е.Бабақұмаров.

29 шілде мен 25 тамыз аралығында Алматы жағдайларды тіркеудің жоғарғы қабатында болды (1500-1600 жағдай). 26 тамыздан бастап қазіргі уақытқа дейін, 7 қазандағы жағдай бойынша инфекцияның төмендеуі жалғасуда – 1600-дан 423-ке дейін.

«Салыстырмалы талдау мынаны көрсетеді: егер бірінші толқын кезінде Алматыда тәулігіне жұқтырғандар саны 250 болса, екінші және үшінші толқын кезінде – шамамен 400 және 700 болды, «дельта» итамында тәулігіне жұқтыру деңгейі 1600-ден асып кетті», – деп хабарлады шаһар әкімінің орынбасары.

Оның айтуынша, «дельтаның» шарықтау шегінде жедел жәрдем шақыруларының саны екі еседен астам – 4000-ға дейін өсті, олардың 45%-ы КВИ және ковидтің этиологияның пневмониясымен байланысты болды.

Бұл ретте КВИ төртінші толқыны кезінде стационарларға емдеуге жатқызу деңгейі 5 еседен астам өсті. Егер бірінші толқын кезінде ауруханаға жатқызу тәулігіне 250 адамға дейін, екінші және үшінші толқын кезінде – 400-450-ге дейін болса, төртінші толқын кезінде ауруханаға жатқызу деңгейі екі есе жоғары болды және тәулігіне 800 пациентке жетті.

«Жалпы, денсаулық сақтау жүйесі ауыр жүктемелерге төтеп берді, дәрі-дәрмектер мен ЖҚҚ қоры жеткілікті қамтамасыз етілді, іркілістер болған жоқ», – деп атап өтті Е.Бабақұмаров.

Біраз өзгерістер орын алды

Өткен жылдан бастап Алматыда эпидемиологиялық жағдайдың ушығуына байланысты денсаулық сақтау саласындағы тәсілдер толығымен қайта қаралды. Алматы әкімі орынбасарының айтуынша, қалада жедел жәрдемнің ауруханаға жатқызудағы жалғыз «көмекші» ретіндегі рөлін өзгертуге, қалада дерт жұқтырғандардың ауырлығы мен эпидемия қарқынына қарай төсек-орындарды басқару үшін инфекциялық стационарлардың жұмысы үш эшелонға бөлінді.

«Алматыда МСАК жұмысы қайта жасақталды, онда 364 мобильді бригада құрылды және учаскелік дәрігерлердің әлеуеті күшейтілді, емханаларға қосымша 70 машина берілді. Өткен жылы құрылған Телемедицина орталығы арқылы пациенттерді үйде емдеуге бақылау жасалды», – деді Е.Бабақұмаров.

Әкім орынбасарының айтуынша, Алматыда өлім-жітіммен күресу үшін қаланың штаттан тыс бас реаниматологы бастаған бірінші реанимациялық топ жұмыс істеуде, ол қаланың барлық реанимацияларының жұмысына жетекшілік етеді.



Бұдан өзге, қалада тәуліктік қуаты 16 000 зерттеуге дейінгі 28 ПТР-зертхананың орталықтандырылған желісі (және 27 мыңға дейін ұлғайту мүмкіндігі бар), 14 ИФТ-зертхана жұмыс істейді. Сондай-ақ, Алматыда 28 КТ-орталықтан тұратын жалпықалалық желі құрылды.

Төсек-орын мәселесі

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров мегаполистегі ковидтік стационарлардың КВИ төртінші толқыны жағдайында және ол төмендегеннен кейінгі жұмысы туралы айтып берді.

Қалада төртінші толқынның шарықтау шегі кезеңінде 10 мыңға жуық инфекциялық төсек-орын дайындалды, олардың 9 мыңға жуығы тартылды, дельта толқынының шарықтау шегінде олардың жүктемесі 70%-ға дейін болды. Әкімдік резервінде – 1000 төсек-орын.

Бүгінде инфекциялық стационарларда 3179 төсек-орын бар, оның ішінде 41% қолданылуда (06.10-ға – 1 342 пациент инфекциялық стационарларда тұр).

2021 жылғы 6 қазандағы жағдай бойынша Алматыда РИТБ-да 310 төсек-орын жұмыс істейді, оның ішінде 54%-ы қолданыста (РИТБ-да 172 пациент). Ауру жұқтырғандар санының өсуіне және стационарлардағы науқастар санының біртіндеп артуына, реанимациядағы ауыр науқастар санының көбеюіне байланысты өлім-жітім көбейген болатын.

«Қазір біз ахуалдың тұрақтанғанын көріп отырмыз. Қыркүйек айында реанимациялық науқастар арасындағы өлім-жітім тамызға қарағанда 18%-ға төмендеді. Бірақ ауыр халдегі науқастардың саны сақталуда», – деді Е.Бабақұмаров.

Дерттің шарықтау шегінде үй стационарында 15 мыңға жуық адам болды, бүгінде олардың саны – 3500 пациент.

«Пандемияға қарамастан, біз 9 қалалық және 39 жеке стационарды, сондай-ақ, 13 республикалық ұйымды пайдалана отырып, тұрғындарға толық көлемде жоспарлы көмек көрсетуге тырыстық. Қазір көпсалалы клиникалар бұрынғы жұмыс режиміне қайта оралды», – деп атап өтті Е.Бабақұмаров.

Алматы әкімінің орынбасары, сондай-ақ, өткен жылы құрылған дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдардың тұрақтандыру қорының арқасында 2022 жылдың мамыр айына дейін өнімнің 68 атауынан қажетті қорлар қалыптасқанын атап өтті.

«Бүгінде қалаға 58,8 млн. дана дәрі-дәрмек әкелінді, 43,5 млн. дана сатылды, 15,3 млн. дана бар, оның ішінде төмендемейтін қалдық 8 млн. дана немесе 40%-ды құрайды», – деді Е.Бабақұмаров.

Гранттар бөлінді

Алматы әкімдігі орта медициналық қызметкерлерді даярлау бойынша колледжде оқу үшін 391 грантқа қаржы бөлді. Биыл Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев медицина кадрларының тапшылығын төмендету бойынша Жол картасын бекітті. Жол картасының іс-шаралары аясында өте тапшы дәрігерлік мамандықтар бойынша резидентурада оқу үшін 120 грантқа жергілікті бюджеттен қаржы бөлінді. Резиденттерді оқыту 1 қыркүйектен басталды.

2021 жылғы 1 қыркүйектегі жағдай бо-

йынша қалада дәрігерлер тапшылығы 215 бірлікті, орта медициналық персонал – 400-ге жуық штаттық бірлікті құрады. Сондықтан КВИ-мен күреске тартылған қызметкерлерді ынталандыру бойынша іс-шаралар көзделген, мамандар үшін 10 пәтер бөлінді, 300 жас маман «Алматы Жастары 3.0» тұрғын үй бағдарламасына қатыса алды.

Ұжымдық иммунитет барлық шектеулерден арылуға мүмкіндік береді

Вакцинация қала әкімінің орынбасары айтқандай, қоғам алдындағы стратегиялық мәселе. Жаппай вакцинация басталғанға дейін осы жылдың ақпан айында барлық инфрақұрылым, соның ішінде суық тізбек және вакцинация пункттері дайындалды.

Спикерлер қазір вакциналану үшін ең қолайлы сәт екенін айтты, себебі қала тұрғындарының көпшілігі демалыстан оралды, мектеп сыныптары мен жоғары оқу орындарының аудиториялары толтырылды. Қала толыққанды жұмыс режиміне оралды. Тек вакцинация ғана бұл жағдайды сақтап, аурудың жаңадан өсуіне жол бермейді.

Бүгінгі таңда КВИ-ге қарсы егудің бірінші компонентін вакцинациялауға жататын 960 мыңнан астам адам алды, бұл 77%-ды құрайды; ал екінші компонентті 873 мыңнан астам тұрғын алды.

«Pfizer вакцинасының алдағы келуін ескере отырып, вакцинациялауға жататын халықтың саны 1,3 млн. адамды құрайды, оның ішінде 12–17 жастағы жасөспірімдер мен жүкті әйелдер бар. Осылайша жаппай вакцинация жүргізіліп жатқан елдердің тәжірибесі бойынша 300 мыңдық деңгейді еңсеруге күш саламыз деп үміттенеміз, жағдайды сенімді тұрақтандыру үшін халықтың 90%-ын немесе одан да көбін вакцинациялау қажет», – деді Алматы әкімінің орынбасары.

Pfizer вакцинасын жеткізу 2021 жылдың қараша айында күтілуде. Қазіргі уақытта суық тізбекті қамтамасыз етуге дайындық жүргізілуде, егу пункттеріне жеткізу логистикасы салынууда.

«Ұжымдық иммунитет қалаға бұрынғы өмір ырғағына оралуға, әдеттегі өмір салтын қалпына келтіруге және барлық шектеулерден арылуға мүмкіндік береді. Вакцинацияның тиімділігі туралы Алматыда коронавирустық инфекцияның төртінші толқынының ұзақтығы бойынша басқа өңірлерге қарағанда екі есе қысқа болғандығымен айтуға болады. Осы кезеңде халық белсенді түрде вакцинацияланды, тәулігіне 10 мыңнан астам адам екпе алды. Бұл халықтың КВИ-ге қарсы иммунитетін қалыптастыруға мүмкіндік берді», – деп нақтылады Е.Бабақұмаров.

Вакцинация қарқыны туралы айта келе, әкімнің орынбасары екпе алмаған қала тұрғындарының басым көпшілігі ауырып, реанимацияда жатқанын айтты. Стационарларға түскендердің жалпы санының тек 0,03%-ын бұрын КВИ-ге қарсы вакцина алған пациенттер құрайды. Бұл факт уақыттылы вакцинацияның тиімділігін көрсетеді.

Әзірлегендер Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ,
Динара МҰРАТ,
Айжан БҰРКІТБАЕВА.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Алматыда колледж бітірген түлектердің **76%-ы** жұмысқа орналасқан.



Биыл күзде мерзімді әскери қызметке

1500-ден астам алматылық жас шақырылмақ.



Алматы халқының

89,1%-ы дін саласындағы мемлекеттік саясатты қолдайды.



Биыл шаһардағы

61 мектеп жанындағы спорт нысандарын жаңғырту жоспарлануда.



Қала көшелерін қардан тазалауға

1038 техника дайын тұр.



БАСПАСӨЗ ЖИЫНЫ

БАЛАЛАР СПОРТЫНА БАСЫМДЫҚ БЕРІЛУДЕ



Алматыда балалар мен жасөспірімдерге арналған 100 орталық жұмыс істейді. Үйірмелер мен секциялардың ақшасын төлеуге қала әкімдігі көмектеседі. Бұл туралы ҚР Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметіндегі баспасөз жиыны кезінде қала әкімінің орынбасары Ержан Бабақұмаров айтты.



Әсел
ДАҒЖАН

Жергілікті атқарушы органдардың қолдауымен тегін секциялар мен мектептен тыс үйірмелер ұйымдастыру бойынша қалада бар жағдай жасалған. Ержан Бабақұмаров балалардың спортпен айналысуына, сондай-ақ, бұқаралық спортты дамытуға басымдық беріліп жатқанын айтты. Білім беру мекемелері жанындағы спорттық инфрақұрылымды жақсарту бойынша жұмыстар

жалғасуда. Биыл барлығы 61 мектеп жанындағы спорт нысандарын жаңғырту жоспарлануда, онда 73 футбол, 63 волейбол және баскетбол алаңдары, сондай-ақ, воркаут-аймақтар мен жүгіру жолдары бар. Бұл алаңдардың ашылуы жас ұрпақты салауатты өмір салтына тартуға және болашақ чемпиондарды тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Кәсіби мамандармен жаттығуға болады. Балалар үшін бұл үлкен ынталандыру.

Сонымен қатар, Алматыда мемлекеттік жекеменшік әріптестік

аясында 8 спорт алаңы қалпына келтіріліп, 4 стадион бойынша жұмыстар аяқталды. Қалған мектептер бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстары осы жылдың желтоқсан айына жоспарланған. 8 жоба бойынша инвестиция сомасы 400 млн. теңгеден асады. Барлық құрылып жатқан инфрақұрылым мемлекет меншігінде екенін атап өту қажет. Ел Президентінің бұқаралық спортты дамыту туралы тапсырмасын іске асыру жалғасады. Балаларды тегін спорт секцияларымен қамтуды кеңейту үшін жан басына қаржыландыру тетігі қолданылмақ. Алматыда 4 жастан 18 жасқа дейінгі балаларға арналған тегін секцияларға мемлекеттік спорттық тапсырыс спорттың 71 түрі бойынша жүзеге асырылады.

Бүгінде 24 мың өтініш берушіге ваучерлер тапсырылды, 18 630 бала спорттың 26 түрі бойынша оқуға кірісті. Ең танымал секциялардың қатарына футбол, таэквондо, каратэ, жүзу, дзюдо кіреді. Спорттық мекемелермен қатар қалада 100 орталық жұмыс істейді. Онда 8 мыңнан астам адамды қамтитын 36 спорт секциялары мен үйірмелері тегін негізде қолжетімді. 2023 жылға қарай орталықтар санын 200-ге дейін, ал ағымдағы жылы қосымша 50 орталыққа ұлғайту жоспарда.

БРИФИНГ

Көмек көрсетудің дәстүрлі әдістері жалғасуда



Рая
ЕСКЕНДІР

Алматы қалалық Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында Білім басқармасы басшысының орынбасары Қайрат Жұманов пен бас маман Бейбіткүл Тәжиева халықтың әлеуметтік аз қамтылған отбасынан шыққан балаларына қолдау көрсету жөніндегі жүргізіліп жатқан жұмыстар мен Алматыдағы мектеп салу жұмыстары жөнінде баяндады.

Алғашқы сөз кезегін алған Қайрат Ізбасарұлы биылғы Мемлекет басшысының халыққа жолдаған Жолдауы аясында жүзеге асырылып жатқан жұмыстарға тоқталды. Қаладағы өзекті мәселеге айналған мектептердегі орын жетіспеушілігі жөнінде айтты. Дәл қазір құрылыс жұмысы жүріп жатқан қаламыздағы 8 мектептің қашан берілетіні туралы айта келе, жаңа мектептердің есебінен 12 мыңнан астам оқушының орынмен қамтылатынын жеткізді.

Басқарма басшысының орынбасары әлеуметтік аз қамтылған отбасы және көпбалалы отбасылардың балаларына көрсетіліп жатқан көмек түрлерін де қамтып өтті.

– Қазір барлық мектептің 1–11-сыныбында оқып жатқан әлеуметтік аз қамтылған отбасы оқушылары бір реттік ыстық тамақпен қамтылған. Бұл мақсатқа жергілікті бюджеттен қаражат қарастырылған, 24 мыңнан астам оқушы тамақпен қамтамасыз етілген. Жаңа оқу жылы қарсаңында осы топқа жататын отбасы балаларын қолдау үшін қаржылай көмек көрсетілді. «Мектепке жол» қайырымдылық акциясы да талай балаға көмек көрсетсе, бұл іс-шара әлі де жалғасып жатқанын айтқым келеді, – деді Қайрат Ізбасарұлы.

Сонымен қатар, көмек көрсетудің дәстүрлі әдістері жалғасуда. Қазіргі уақытта әлеуметтік қорғалмаған және аз қамтылған отбасылардан шыққан 221 42 оқушыға 774 млн. 970 мың теңге бюджет қаражаты (жаппай оқыту қоры) сомасында көмек көрсетілді.

«Эпидемиологиялық жағдайдың сақталуына байланысты «Мектепке жол» дәстүрлі акциясын өткізу платформа арқылы жыл бойы жалғасады. www.atamekenim.kz сайтына көмекке мұқтаж ата-аналар өз өтініштерін қалдыра алады, ал демеушілер мен меценат-

тар көмек көрсету бойынша өтінім бере алады», – деді Қ.Жұманов. Сондай-ақ, акцияны Алматы қаласының меценаттары қолдап, 9022 оқушыға 123 млн. 399 мың теңге көлемінде демеушілік көмек көрсеткен.

Алатау ауданында бес жаңа мектеп, Наурызбай ауданында тағы екі, Түркісіб ауданында бір жаңа мектеп ашылады. Салынып жатқан мектептердің үшеуі осы жылдың соңында пайдалануға беріледі («Томирис», «Саялы» және «Қалқаман-2» ықшам-аудандарында).

Сондай-ақ, биыл мектептердің жанынан 17 жаңа корпустардың құрылысы басталды. Білім басқармасы басшысының орынбасары биыл алматылық құрылысшылар №7, 40, 45, 54 және 81 мектеп ғимараттарын қалпына келтіру және сейсмикалық нығайту жұмыстарын жүргізгенін хабарлады. 48 мектепті қайта құру, №9, 43 мектептерге қосымша құрылыстар салу және №129, 145, 166 мектептерді сейсмикалық күшейту бойынша жұмыстар басталды.

Жиынға қатысушылар мен онлайн қатысып отырған ата-аналар да өз сауалдарын жолдады.

ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫ



ҮЙІҢІЗ ЖЫЛЫ МА?

Биыл Алматыға жылу жылдағыдан ертерек берілді. Шаһар басшысы Бақытжан Сағынтаевтың тапсырмасына сәйкес жылу жүйесіне ең алдымен денсаулық сақтау, білім беру ғимараттары мен басқа да әлеуметтік нысандар қосылды. Одан кейін жылу көппәтерлі тұрғын үйлерге, содан соң жылу энергиясының басқа да тұтынушыларына берілді.



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Бірақ неге екені белгісіз, қаланың кейбір бөлігіндегі көпқабатты тұрғын үйлерге жылу әлі қосылмаған.

Алматылықтар үйлері суып кеткен соң амалсыздан жылытқыш пештер қосып жатқанын, тіпті, салқыннан

ауырып қалғандарын айтып, әлеуметтік желілерде шағымданып жатыр. Мәселен, Алатау ауданындағы көпқабатты тұрғын үйлердің біріндегі пәтерлердің 85 пайызында жылу болмай тұр. Мұндай жағдай Бостандық ауданындағы «Алмагүл» ықшам-ауданында да орын алып отыр.

Қалалық Тұрғын үй саясаты басқармасының бөлім жетекшісі Жандос Қайырхановтың айтуынша, дәл осы мәселеге байланысты қала әкімдігіне 86 жазбаша түрде, әлеуметтік желілер арқылы 79 шағым түскен. Тұрғындардың шағымдарымен танысқан жауапты сала мамандары сол күні көрсетілген мекенжайлар бойынша туындаған мәселелерді анықтап, тексеру жүргізіп, жылуы жоқ үйлердің бәріне жылу қостырып жатыр.

Алматының жылу көздері, газ желілері, қазандықтары да жылу беруге 100% дайын. Сондықтан жалпы жылу беруде қалада олқылықтар жоқ. Егер үйдің жылуы жеткіліксіз болса, онда оның себебі жылыту желісінің ішкі жүйесінің жағдайынан болуы мүмкін. Тіпті, үйдің есік-терезесі дұрыс қымталмаса да, қабырғалардан жел үрлеп тұрса да, үйіңіз салқын болуы мүмкін. «Сайып келгенде, жылудың тұтынушыға жетпегенін ПИК қызметіндегі олқылық-

тардан да, пәтер иелерінің қамсыздығынан да іздеген дұрыс», – дейді слесарь мен сантехник мамандар.

Ал қаланың Энерготиімділік және инфрақұрылымдық даму басқармасы мамандарының мәліметінше, жылу желілері теңгерімдік шектеу шекарасына дейін (үйге кіргенге дейін) жылу энергиясын беруді қамтамасыз етеді. Бұдан әрі үйішілік жылумен қамтамасыз етуді ПИК жүзеге асырады. Егер сіздің пәтеріңіздегі батареялар әлі

суық болса, онда ПИК-ке немесе басқарушы компанияға жүгіну қажет.

Негізі, қала тұрғындары үйдің жылу жүйелеріне техникалық қызмет көрсетуге ай сайын ПИК-ке ақша төлейді. Соған сәйкес, олар өз міндетін сәйкесінше орындауға тиіс. Ал тұрғындар «Үйің суық болса да берекең кетеді. Сондықтан «қыстың қамын жазда ойлағанға» не жетсін! Бізде жылу жүйелерін қысқа ешкім дайындамайды. Кілтипан да осы жерден басталып тұр ғой» дейді.

Егер әлі жылу берілмеген үйлер болса тұрғындар коммуналдық мекеменің 8 (727) 341-07-77 анықтама қызметіне хабарласа алады. Сонымен қатар, тұрғындар жылу қосарда қандай да бір қиындықтар туындайтын болса, әр ауданның коммуналдық шаруашылық басшыларына тікелей хабарласуға болады.

- Алмалы ауданы: +7 771 400 66 66, +7 707 588 39 98;
- Әуезов ауданы: +7 777 002 20 22;
- Алатау ауданы: +7 777 823 30 71;
- Бостандық ауданы: +7 700 242 07 66, +7 778 894 68 08;
- Жетісу ауданы: +7 701 186 60 40, +7 700 707 00 78;
- Медеу ауданы: +7 701 511 96 88, +7 (727) 293-81-56, +7 (727) 293-81-57;
- Наурызбай ауданы: +7 700 535 10 10;
- Түркісіб ауданы: +7 700 960 50 60, +7 701 653 52 23, +7 (727) 223-11-50.

ЖАДЫҢЫЗДА ЖҮРСІН!

Санитарлық талап бойынша жсабық ғимараттың ішіндегі қалыпты температура 20–22 градус болуы керек. Егер одан салқын болса, есік-терезелердің жылылығын тексерген дұрыс. Онда да кінәрат болмаса, кілттипанды тұрғын үйдің ішінде орнатылған жылу желісінен іздеу қажет.

БІЗДІҢ ДӘЙЕКТЕМЕ

- Қала әкімдігіне үйлеріне әлі жылу берілмеген тұрғындардан 86 жазбаша түрде, әлеуметтік желілер арқылы 79 шағым түскен.



QAZAQSTAN30

«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ
МЕН ҮШІН
МАҢЫЗЫ...»Нұркен ЖАКЕН,
мұғалім:

– Біз бодандықтан құтылғалы біраз игіліктің куәсі болған жастармыз. Тәуелсіздіктен кейін көп нәрсе қайта құрылды. Қазақстан тәуелсіздік алған соң шапшаң һәм сапалы дамыған саланың бірі – сыртқы байланыс, дипломатиялық қарым-қатынастар. Оның ішінде таза дипломатиялық корпус, елші-

лер мен консулдардың тұтас бір буыны өмірге келді. Егемен еліміз Түркі әлемімен байланысына ден қойды.

2009 жылдың 3 қазанында Әзербайжан Республикасының Нахчыван қаласында өткен Түркітілдес мемлекеттер басшыларының IX саммитінде Елбасы түркі дүниесін зерттейтін халықаралық ғылыми орталық құру туралы ұсыныс айтты. Содан көп ұзамай Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында Халықаралық Түркі академиясы жұмысын бастады. «Түркі кеңесіне» сіңірген өлшеусіз еңбегі үшін Тұңғыш Президентке ұйымның құрметті төрағасы атағы да берілді. Қазақстанның әлеммен ғана емес, Түркі дүниесімен байланысының маңызын да айта кету орынды деп санаймын.

Адия САУЫТЖАН,
«Nur Otan» партиясының мүшесі:

– Ата-бабаларымыз аңсап, көре алмай арманда кеткен «Тәуелсіздік» – Тәңірдің бізге берген тәтті сыйы. 30 жылда Қазақ елі нендей қиындықтарды да, биік белестерді де бағындыра білді. Бұл – ең алдымен, Қазақстан атты жас мемлекеттің билігін қолына зор жауапкершілікпен ала білген Тұңғыш Президент Нұрсұлтан

Әбішұлының сындарлы саясатының бірден-бір нәтижесі, жемісі. Елімізде жасалып жатқан бағдарламалар, жобалар, жүргізіліп отырған саясат – еліміздің келешегі жас ұрпақ үшін. Сол себепті де, біз осылардың барлығын бағалай отырып еліміздің елдігін асқақтатуға тиіспіз. Өз басым университет қабырғасында Елбасы қорының атынан берілетін Президенттік стипендия иегері атандым. Тек үздік оқитын және спорт пен өнер салаларында жоғары нәтиже көрсетіп жүрген студенттерге ғана берілетін стипендия мені тек биік белестерді бағындыруға жетелейді. Артымнан еріп келе жатқан сінлі-бауырларыма үлгі бола білсем, еліміздің патриоты болып өсуіне аз да болсын үлесімді қоссам, міне, бұл менің Елбасының жастарға артқан үмітін ақтағаным деп білемін.

Әзірлеген
Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.

РОБОТТЫ ТЕХНИКА

Динара
МҰРАТ


Дүниежүзілік робототехникалық олимпиадасының (WRO) қазақстандық ұлттық чемпионаты 29-30 қыркүйекте онлайн-форматта өтті. Ұлттық чемпионаттың финалына Қазақстанның әр өңірінен 10–19 жас аралығындағы 6–11-сынып оқушыларының 100-ге жуығы қатысып, бәйге жеңімпаздары қараша айының басында Германияда өтетін халықаралық финалда ел намысын қорғау құқығына ие болды.

Өңірлік жарыстар мен WRO Ұлттық чемпионатын жыл сайын Қазақстандағы World Robot Olympiad үйлестірушісі ретінде «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы өткізеді.

– Олимпиадалар өзекті инженерлік-техникалық міндеттерді практикалық шешудің шығармашылық қабілеті мен дағдыларын дамытуға, ғылыми-техникалық қызметке қызығушылықты кеңейтуге, Ақпараттық технологиялар саласындағы кәсіптердің беделін арттыруға бағытталған, – деп атап өтті «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Ақпараттық технологиялар және сервис орталығы директорының орынбасары Азамат Биданов.

Биылғы жарыстың тақырыбы «Энергияның болашағы» аталып, қатысушыларға жаңартылатын энергия көздерін пайдалануды қолдау үшін роботтар немесе роботтандырылған модельдер әзірлеу ұсынылды.

Кіші санатта 1-ші орынды Алматыда оқитын екі жас ғалым: №165 мектепте оқитын Бекетов Даужан мен «Шоқан» мектебінде білім алатын Островский Кирилл иемденді. Команда Алматы қаласындағы Халықаралық робототехника академиясында (International Robotics Academy) Томас Ноа Лумның жетекшілігімен құрылды.



Біздің қаламыздың жас инженерлерінен құралған дарынды жастар командасы күн панелі мен жел турбинасын қамтитын ақылды электр станциясын ойлап тапты, олардың екеуі де энергияны нақты пайдалана алады. Балалар жаңартылатын энергия көздері жүйелерінің тиімділігін арттырғысы келді. Зерттеулер барысында олар күннің күйін бақылайтын күн панельдері мен желге қарсы бағытталған жел турбиналары алынған энергия мөлшерін едәуір арттыра алатындығын анықтады. Сондықтан олар оны жүзеге асыратын автоматты жүйені ойластыра бастады.

Кейін түрлі идеялар мен ойларды тестілеу мен қайтпас табандылықтың арқасында мәселенің шешімі табылды. Жас жеткіншектер соңғы жобасында қозғалтқыштарды басқару үшін жел мен жарық датчиктерінен ақпарат алатын Arduino микроконтроллерін қолданды. Балалар оңтайлы жарықтылықтың бағытын анықтау үшін жарық сенсорларын қолданып, күн панелін осы бағытта бұру үшін қозғалтқышқа сигнал жіберді. Одан бөлек, олар желдің бағытын өлшейтін құрылғы салғаннан кейін, жел турбинасын осы бағытта бұру үшін анықталған деректерді қабылдады. Ол үшін оларға электрониканың негіздерін, сондай-ақ,

С тілінде бағдарламалауды үйренуге тура келді.

Мектеп оқушылары бұл жобаны сәуір айында бастап, 5 ай бойы жұмыс істеді. Оларды «Инновациялық технологиялар паркі» АЭА аумағында орналасқан «DOC Co. LTD» ЖШС компаниясы мен Қазақстандағы Күн батареяларын өндіретін бірегей зауыттардың бірінің иесі Рахымжанов Мұраттың қолдауы балаларға үлкен көмек болды. Мұраттың арқасында зауытқа барып, инженерлермен егжей-тегжейлі әңгімелесуге мүмкіндік туды, олар балаларға жаңартылатын энергия көздері туралы маңызды ақпарат беріп, идеялар ұсынды.

Екі бала да жобаға шын пейілімен беріліп, маңызды зерттеулер жүргізді және апта сайын Халықаралық робототехника академиясында өз идеяларын тексеру мен дамыту үшін кездесуді де естен шығармады. Оларға орталықта жұмыс істейтін аға студенттер, атап айтқанда, НУ студенті Филимонов Даниил және осы байқаудың бұрынғы жеңімпазы кеңестерін беріп, қолдауларын аямады.

Балаларымыздың бұл жетістігі жастарға тиісті жағдай жасап, мүмкіндіктер есігін айқара ашсақ, талай белесті бағындыратынының дәлелі болды.

КӘСІБИ МЕРЕКЕ ҚҰТТЫ БОЛСЫН!

АЛЫСТЫ ЖАҚЫН ЕТКЕН
ПОШТА ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ ЕҢБЕГІ ӨЛШЕУСІЗАйжан
БҮРКІТБАЕВА

Бүгін – айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызатын пошташылардың төл мерекесі. Дүниежүзілік пошта күні – Біріккен Ұлттар Ұйымы жүйесінде атап өтілетін халықаралық күндердің бірі. Мереке әлемдік дәрежеде 1874 жылдан бері тойланып келе жатыр. Ал елімізде «Қазпошта» АҚ биыл 28 жылдығын атап өтпек.



МАМАН ПІКІРІ

Нұрдаулет ҚАБЫЛОВ,
«Қазпошта» АҚ «Алматы почтамты» АФ директорының орынбасары:

– «Қазпошта» акционерлік қоғамы пошталық қызметтен бөлек, агенттік және банктік қызметтер атқарады. Қазақстанның түкпір-түкпірінде «Қазпоштаның» көптеген филиалдары орналасқан. Бұл еліміздегі ең көп тараған желі десек те болады. Біз хат, газет-журналдарды жеткізуден бөлек, пандемия уақытында дәрі-дәрмектер жеткізу-

коммуналдық төлемдерді өтеу, аманаттар, сәлемдеме жолдау, хат алмасу, газет-журналдарға жазылуға болады.

Айтпақшы, 2022 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Байқауда көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

мен, жағдайы төмен отбасыларға «Nur Otan» партиясымен бірігіп азық-түлік жеткізумен айналыстық. Одан бөлек, теміржол, авиа билеттерді сату және банктік қызметтерді қатар алып келеміз. Қазіргі таңда 3 банкпен келісімшарт жасастық. Банк филиалы жоқ ауылдық жерлерде «Қазпошта» арқылы несие рәсімдеуге болады. Сондай-ақ, заманға сай онлайн дүкендермен де қызметтес болып келеміз. Күн өткен сайын жазылушыларымыздың саны артып келеді.


P.S.

1993 жылдан бері халықпен етене тығыз жұмыс істеп келе жатқан «Қазпошта» АҚ қаржылық, пошталық және логистикалық қызметтердің 100-ден аса түрін ұсынады. Елбасының Жолдауында айтылған «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын қолға алған компания жұмыс тиімділігін арттыру мақсатында қызмет көрсету аясын кеңейтті. Қай заманда болсын, халық үшін, әсіресе, шалғай ауданның тұрғындары үшін ауадай қажет қызметтің біріне айналған пошташыларды төл мерекесімен құттықтаймыз!



COVID-19:

Оқырман сауалына – маман жауабы



ПТР-тестке неге басымдық беріліп отыр?

Алексей ЦОЙ,
ҚР Денсаулық сақтау министрі:

«Қазақстанда коронавирусты анықтауға арналған экспресс-тестердің бірнеше түрі тіркелген. Кейбір коммерциялық компаниялар осы тестерді пайдаланып жүр. Бұл жерде мәселе мынада. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ауру жұқтырғандардың ресми статистикасын жүргізу үшін бірыңғай тәсіл ретінде ПТР-тестті қолданады. Сондықтан әлемде қолданылатын «алтын стандарт» ПТР-тест болып тұр».

Ұжымдық иммунитет қалыптасқанда бетпердесіз жүруге бола ма?

Марат ШОРАНОВ,
ҚР Денсаулық сақтау бірінші вице-министрі:

«Қазіргі уақытта бетперде шешуге қатысты шешім жоқ. Неге десеңіздер, тіпті вакцина алған күннің өзінде де өзге адамдардың жұқтыру тәуекелі сақталады. Сондықтан да бетперде режимін қашан алып тастайтынымызға қатысты мәселені қарастырып отырған жоқпыз. Бетперде режимін сақтаған кезде және вакцина алғаннан кейін ғана пандемияны жеңе аламыз».

Вакцина алғандар арасында вирус жұқтыру көрсеткіші қандай?

Айжан ЕСМАҒАМБЕТОВА,
ҚР Денсаулық сақтау министрлігі Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің төрайымы:

«Вакцинациядан кейін вирус жұқтырғандардың санына келетін болсақ, бүгінде бұл 29 212 адам немесе вакциналанғандардың 0,37%-ы сырқаттанған. Бірінші компоненттен кейін – 8631, екінші компоненттен кейін – 20 581 адам. Вакциналардың түрі бойынша жіктесек, мәселен, «Спутник V» – 24 766 немесе егілгендер санының 0,4%-ы (бірінші компонент – 7319, екінші компонент – 17 447). QazVac бойынша еке алағандардың 0,2% немесе 655 адам. 255 адам бірінші компоненттен кейін, 400 адам екінші компоненттен кейін. SoqonaVac вакцинасын алғандардың 0,3% немесе 824 адам (бірінші компоненттен кейін – 264, екінші компоненттен кейін – 560) вирус жұқтырған. Sinofarm бойынша 2930 адам немесе еке қабылдағандардың 0,2% (бірінші компоненттен кейін – 781, екінші компоненттен кейін – 21 049) коронавирусқа шалдыққан. Сондай-ақ, Pfizer бойынша – 23, Astra Zeneca бойынша – 4, Moderna бойынша 3 жағдай тіркелді. Яғни вакцина алғандардың арасында вирус жұқтырғандардың үлесі аз».

Жүктіліктің қанша аптасынан бастап вакцина алуға болады?

«Бұл мәселені әйелдер жүктіліктің қандай аптасында вакцина алуына болатындығын анықтау үшін Иммунизация жөніндегі комиссияның қарауына енгіздік. Бірақ тұмауға қарсы вакцинацияны мысалға алып айтар болсақ, жүкті әйелдерге 2012 жылдан бері тұмауға қарсы еке жасап келеміз. Жүкті әйелдерге жүктіліктің 15 және одан жоғары апталарынан бастап тұмауға қарсы вакцина алуына рұқсат беріледі. Яғни қазіргі уақытта ғалымдарымыз жүктіліктің қанша аптасында вакцина алуға болатын мерзімді қарастырып жатыр».

Әзірлеген Н.ӘЛІШЕВА.

ДӘРІГЕР КЕҢЕСІ



Нұржамал ӘЛІШЕВА



Калалық №8 емхананың бас дәрігері Фарида Ағыбаева коронавирус инфекциясының әлі де күшінде тұрғанын, бұл ретте бүгінгідей салқын мезгілде ЖРВИ мен тұмаудың бас көтеру қаупі жоғары екенін атап өтті.

«Тұмау да, коронавирус та – өткір жұқпалы аурулар. Тұмау дене температурасының күрт жоғарылауы, жөтел, бас ауруы, бұлшық ет және буын аурулары, әлсіздік, мұрынның ағуы сияқты белгілердің жедел дамуымен сипатталады және бұл 7 күнге дейін созылады. Алайда, тұмау инфекциясы кейде ауыр ауруды тудыруы мүмкін, әсіресе қарттар, жүкті әйелдер, балалар арасында. Сондықтан коронавирусты немесе тұмауды бірден ажырату мүмкін емес», – деді Ф.Ағыбаева.

Оның үстіне, тұмау да COVID-19 дертіне ұқсас – симптомсыз немесе жеңіл жүреді, ауырып жүріп, артынан асқынған соң өлімге әкелуі мүмкін.

Сондай-ақ, дәрігер иіс сезбеу коронавирустың негізгі симптомы деген пікір қате екенін айтты. «Иісті сезінбеу – иә, бұл назар аударатын симптом. Алайда, бұл барлық адамда бола бермейді және диагноз қоюға негіз емес. Дәм мен иіс жоғалды ма, жоқ па – маңызды емес. Егер дене қызуы немесе жалпы әлсіздік сезімі сияқты белгілер пайда болса, дереу дәрігермен кеңесу керек. Дәрігер аурудың белгілері мен эпидемиологиялық анамнезді ескере отырып, COVID-19 бар-жоғына зертханалық зерттеу тағайындайды», – деді Ф.Ағыбаева.

Дәрігер қорғаныс шаралары барлық респираторлық инфекцияларға, оның ішінде коронавирусқа да ортақ екенін атап өтті. «Ең бастысы, коронавирус инфекциясы мен тұмауға қарсы еке алу қажет. Вакцина ауыр ағымның және екі аурудың қаупін азайтуға көмектеседі. Еке алған соң өзіңді де, жа-

Осал вирус емес

қындарыңды да қорғай аласың әрі үлкен жауапкершілік танытасың», – дейді емхана басшысы. Егер наукас вакциналанбаған болса, «дельта» жұқтырған жағдайда өте ауыр өтетінін еске салды.

Бүгінде калалық №8 емханада 3 егу кабинеті және 3 көшпелі мобильді бригада жұмыс істейді. Күніне егу пункттеріне 300-ге жуық адам келеді.

Сонымен қатар, №8 емханада КВИ ауруының симптомсыз, жеңіл, орташа түрі бар науқастарды медициналық бақылау бойынша 12 мобильді топ құрылған. «Мобильді бригадалар барлық қажетті медициналық жабдықтармен жабдықталған. Біздің мамандар биологиялық материалдардың үлгілерін жинайды, ем-дом тағайындайды. Жедел респираторлық ауру белгілері бар және COVID-19-ға күдікті балаларға үйде қызмет көрсетіледі, сағат 08.00-ден 20.00-ге дейінгі кезеңде үйде оқшауланған пациенттерге амбулаториялық бақылау жүргізіледі, ал сағат 20.00-ден кейін пациенттерге 4 сағаттағы жедел медициналық көмек көрсетіледі», – деді Ф.Ағыбаева.

Емханада барлық дәрі-дәрмек жеткілікті мөлшерде, антикоагулянттар көрсеткіштер бойынша тағайындалады және тегін беріледі. Емделіп шыққан соң №8 емханаға тіркелген пациенттерге оңалту шаралары қарастырылған.

«Бақылау мерзімі адамның жалты жағдайына байланысты жеке анықталады. Көрсетілмдер бойынша амбулаториялық жағдайларда психологиялық және респираторлық оңалту немесе бейінді стационарда емдеу не оңалту жүргізіледі. Ауыр немесе ауыр халдегі науқастарға, қарт адамдарға, семіздікке шалдыққан пациенттерге, жүкті әйелдерге, қатар жүретін патологиясы бар пациенттерге оңалтудың жеке жоспарлары жасалады», – дейді дәрігер.

Ф.Ағыбаева алматылықтарды, соның ішінде коронавируспен ауырған жандарды сақтық шараларын, яғни бетперде тағып, әлеуметтік арақашықтықты сақтап жүруге шақырды.

Вашингтондағы Ұлттық шіркеуде марқұмдардың құрметіне 700 рет қонырау соғылды.

ЮНИСЕФ ковид пандемиясы балалардың мінез-құлқына кері әсер етіп жатыр деп мәлімдеді. Сарапшылар оның салдары ұзақ жылға дейін сақталуы мүмкін деп отыр.

Карантиндік шектеу іс-шаралары балалардың үйреншікті өмір салтын өзгертуге мәжбүр еткен. Яғни достары мен жақындарынан алшақтады дейді. Сондықтан мамандар енді балалардың физикалық денсаулығымен қатар психикасына да көбірек көңіл бөлуге шақырып отыр. Ал Лондон экономика мектебі өкілдері жастардың психикалық ауытқулары салдарынан жыл сайын келтірілетін материалдық шығынды 390 млрд. доллар деп бағалаған.

ӘЛЕМ бойынша коронавирустан 5 млн. адам көз жұмған. Өлім-жітім АҚШ-та көп тіркелген. Бразилия мен Үндістанда да ауруханалар ковид-науқастардан көз аша алар емес. Сарапшы-мамандар таратқан мәліметтерге сенсек, коронавирустан қайтыс болғандардың дені вакцина салдырмағандар көрінеді.

Нұр ЖАМАЛ.

ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

Әлем бойынша коронавирустан 5 млн. адам көз жұмған

ТҮРКИЯ оқушылары ПТР-тест тапсырады. Жергілікті білім беру министрлігінің мәлімдеуінше, коронавирусты анықтайтын тест ата-ананың рұқсатымен алынады. Әзірге бұл шара қауіпті індет ең көп тараған 10 провинцияда жүргізілмек.

Балалардан ПТР сынамасының үлгісі мұрыннан емес, тек ауыз қуысынан алынады.

ЧИЛИ ғалымдары емдік қасиеті бар Квиллей ағашынан коронавирусқа қарсы вакцина әзірлеуде. Тапсырысты америкалық «Novavax» компаниясының британдық филиалы берген.

КВИ-ге қарсы вакцина әзірлеуге дәл осы ағаштың қабығындағы белсенді заттар қолданылады. Олар алдымен кептіріліп, сосын ұнтақталады. Жалпы, өткен айдың соңында



аталған компания осы препаратты сынаудың үшінші кезеңін бастағанын хабарлаған болатын. Бүгін оған 18–84 жас аралығындағы 10 мың ерікті қатысатыны да мәлім.

АҚШ мемлекетінде коронавирустан қайтыс болғандар саны бүгінгі таңда 700 мыңнан асқан. Осыған байланысты

КАРДИОЖАҢАЛЫҚ

Портативті кардиоанализатор



Ақтолық ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ

Жүрек ауруын емдеуде алматылық өнертапқыштардың тың идеялары көпшілікті тандай қақтырды. Қасымбек Өжікенов бастаған зерттеуші топ критикалық жағдай туындағанда, өз бетінше жедел жәрдем шақыра алатын портативті кардиоанализатор ойлап тапты.

Өмірінің 48 жылын зерттеу жұмысына арнаған Қасымбек Өжікеновтің төл туындысы теңдессіз нәтиже көрсетуде. Кардиог-

рамма, онлайн бақылау, науқастың тұрғылықты жерін анықтау, дабыл қағу сияқты функцияларды орындай алатын бірегей аппарат БҒМ Ғылым комитетінің қолдауын тапқан. «Жүрек ақауын ертерек анықтауға мүмкіндік беретін аппарат бар ма деген ой болды. Біртіндеп зерттеу жұмысын жүргізіп, қазір осындай құрылғыға қол жеткізіп отырмыз. Бастапқыда жай жобадан бастап, қазір осындай деңгейге жеттік», – деді Satbayev университетінің «Роботты техника және автоматикалық техникалық құралдары» кафедрасының меңгерушісі Қасымбек Өжікенов. 7 жыл зерттеу аясында дәрігерлер де өз нұсқаулығын көрсеткен. Холтер аппаратына біршама функция қосып, ынғайлы және төрт есе арзан қылып сатылымға шығармақ.

«Тәулік бойы кардиограмма жазатын бір аппарат бар, бірақ оның жазылғаны тек магнитофонда қалады. Сыртқа ешқандай сигнал бермейді. Ал бұл аппараттың айырмашылығы – жүректің блокадасы болған жағдайда ол белгі береді», – деді жоғары санатты кардиолог, профессор Қайрат Көрібаев.

Айта кететін жәйт, жақын арада бұл кардиоанализатордың 100 данасы сатылымға шықпақ. Соның бір бөлігі халық қолданысына тегін беріліп, бірінші санатты жүрек ақаулығы бар науқастарға таратылмақ. Өнертапқышты қолдау мақсатында Ғылым және білім министрлігі 100 миллион теңге қаржылай көмек бөлген.

ДЕНСАУЛЫҚ

Скрининг – тиімді әдіс



Ақтолық ТҮРЛЫҒАЗЫ

Шаһарда онкологиялық аурулардан болатын өлім-жітім көрсеткіші төмендеді. Бұл туралы Онкологиялық орталықтың бас дәрігері Нұрсұлтан Ізбағамбетов мәлімдеді. Оның айтуынша, 2021 жылдың 9 айының қорытындысы бойынша мегаполисте өлім-жітім деңгейі 10%-ға дейін азайған.

«Бүгінде онкологиялық аурулармен ауырғандардың дерті ерте кезеңде анықтала бастады. Қатерлі жаңа өскіндерді, соның ішінде, COVID-19 инфекциясы бар пациенттерді КТ-ға жіберу есебінен ерте бастан

диагностикалау ұлғайды. Жыл басынан бері орталықта 13 мың пациент емделіп шықты. Бұл дегеніміз, өткен жылмен салыстырғанда 3 мыңға дейін науқастардың сауыққанын білдіреді», – дейді дәрігер.

Биыл онкологиялық ауруға шалдыққан 3317 пациент есепке алынды. Статистикалық деректер бойынша Алматы қаласында сырқаттанушылық құрылымында бірінші орында сүт безі обыры, екінші орында колоректальды обыр, үшінші орында өкпе, төртінші орында – асқазанның, ал бесінші орында аналық бездің қатерлі ісігі тұр.

Сондай-ақ, бас дәрігер орталыққа келетін науқастардың көбісі еліміздің әр аймағынан екенін де тілге тиек етті. «Бүгінгі күні еліміздің басқа өңірлерінен келген онкологиялық аурумен ауыратын 560 пациент қайта тіркелді. Бұл дегеніміз, аурудың өткен жылмен салыстырғанда екі есеге өскендігін көрсетеді. Олардың арасында, өкінішке қарай, әр 5-ші пациент асқынған қатерлі ісікпен медициналық көмекке жүгінген», – дейді дәрігер.

Маман халықты скринингтік тексеруден уақытылы өтіп тұруға, сол арқылы дер кезінде аурудың алдын алуға шақырады. «Алматы қаласының тұрғындарын бекітілген қала емханалары бойынша тегін скринингтен өтуге шақырамыз. Скринингтен өту – бұл симптомсыз қатерлі ісік ауруын ерте кезеңде анықтаудың тиімді әдісі. Өйткені науқасқа ем неғұрлым ерте тағайындалса, толық сауығу мүмкіндігі соғұрлым жоғары болады», – деп атап өтті Н.Ізбағамбетов.

Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Жылқы баптап, аттың құлағында ойнайтын өнерін әлеуметтік желіге жиі жүктейтін Құндыз есімді аруды біраздан бері бақылап жүретінім. Қазақы этно-стильді заманауи үлгімен ұштастырған ерекше киім үлгісі де бірден көзге түседі. Себебі, ұлттық нақыштағы киімді күнделікті өмірде киіп жүретіндер жоқтың қасы. Алматының шетіндегі жылқы ұстайтын арнайы орында «Сапфир» атты арғымақ баптайтын Құндызбен әңгімелесудің сәті түскен еді. Әңгіме барысында Құндызбен өзімді біраз нәрсе байланыстыратынын ұғындым. Солардың бірі – жылқыға деген махаббат.


Қазақ халқы ықылым заманнан бері жеті қазынасын бағалап, оның ішінде Қамбар ата тұқымына ерекше құрмет көрсетіп, жылқыға қатысты ашылған барлық жаңалықтың бастауында тұрғаны мәлім. Атқа міну мәдениеті Ұлы Даладан тараған деп айтуға толық негіз бар.

Сондықтан дүниеде қазақ халқындай жылқы мінезіне қанық халық жоқ. Бүгінде еліміздің әр өңірінде жылқы баптайтындар көп. Негізінен, мал шаруашылығымен айналысу, жылқы баптау десе бірден ауылдық жер елестейтіні анық. Ат баптауға ыңғайлысы да ауылды елдімекендер екені белгілі. Десек те, қаланың қақ ортасында да жылқы ұстауға болады екен.

Жастайынан қылқұйрықты жануарды ерекше жақсы көріп, бабын тапқан алматылық Құндыздың атқа деген құмарлығы 10 жасында басталған. Осыдан 5-6 жыл бұрын Сапфирді кездейсоқ көріп, бір көргеннен ұнатты. Біраз уақыт мініп, бауыр басып қалғаннан кейін соңғы ақшасына арғымақты сатып алған. Содан бері Құндыз қаладағы жұмысынан қолы қалт етсе, Сапфирге мініп алып, тау жақтағы ен далада еркін көсіліп шабады.

Құндыздың негізгі мамандығы – стилист. Ерекше киім үлгісіне қарап аңғару қиынға соқпас. Осы салада жеке кәсібі де бар.

«Сапфир» – парсы тілінде «асыл тас» деген мағынаны білдіреді. Бұл есімді мен қоймадым. Бұрынғы иесі жылқының әдемілігіне қарап қойған болуы керек. Әрі өзі де есіміне үйреніп қалғаннан кейін атын өзгертудің қажеті жоқ деп санадым. Адам мен жылқы арасында үлкен байланыс бар. Сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Жылқы жануары – өте сезімтал. Әрбір қимыл-әрекетін байқаған адам оны сөзсіз түсінеді. Мен Сапфирдің жүрісіне қарап-ақ сырын біле аламын. Мәселен, кейде жем-шөп жемей, ештеңеге зауқы болмайтын кездерінде Сапфирдің бір жері ауырып тұрғанын біліп, мал дәрігеріне көрсетемін. Өте жусау тұқымды жылқы, кейде қырсық мінезі бар. Күнделікті аяғына жағатын майы бар. Үнемі шауып, денесін қыздырып тұрамыз. Дәріні аяғына жағу үшін



менен басқа ешкімді, тіпті, мал дәрігерін, ат баптайтындарды да маңайына мүлдем жақындатпайды», – дейді Құндыз.

Оның айтуынша, жылқыға ерекше күтім керек. Олардың бабы да бөлек болады. Атқа міну мәдениетінде ер-тұрманның орны ерекше. Әр әбзелдің өз қызметі бар. Мысалы, ер тоқым ат үстіне отыруға жайлы болса, жылқыға жайдақ мінудің адам денсаулығы үшін пайдасы зор. Ат-

тың құлағында еркін ойнайтын Құндыз, тіпті, ат үстінде тұру, шауып келе жатқан аттың үстіне отырып үлгеру, садақ ату сынды қалалық деңгейдегі әртүрлі жарыстарға да қатысып жүр.

«Атқа отырудың да өзіндік әдеби мен мәдениеті бар. Салт аттының тәжірибесін тақымы дұрыс қысу мен жүгенді ұстауына қарап-ақ аңғаруға болады. Жарыстарда, басқа уақытта болсын Сапфирден бөлек кез келген жылқыға отыра беремін. Бір байқағаным, әр аттың мінезі әртүрлі. Бірақ ат үстіне отырған әрбір адам өзін жылқының «иесі» екенін сезінуі керек. Команда беріп, еркін отырған жөн. Өйткені, жылқы адамның қорыққанын, сенімсіздігін бірден сезіп қояды да, бағынбай кетеді. Бастысы, атқа деген сенім болу керек.

Бірде Сапфирді менен ұрлап алып кетті. Одан бұрын «Жылқыны сатасыз ба? Қанша сұрасаңыз да сатып аламыз» деп саудаласып жүргендер бар еді. Бірақ менде жылқымы сататын ой мүлде болмаған. «Қанша берсеңіздер де Сапфирді сата алмаймын» деп бірден кесіп айтқанмын. Сапфирге қызыққандар ақыры оны ұрлап, басқа қалаға алып кетті. Сапфир ишпелгендіктен көп ұзамай тауып, Алматыға алып келдік. Ұрылар жазасын алды.

Тіпті, «атқа отырудың бөлек оқуы бар» деп санайды кейіпкеріміз. Дегенмен, жылқы малының қадір-қасиетін танып үлгерген Құндыз ат баптаудағы кедергілерді оңай еңсеріп келеді.

«Жылқы бағу оңай емес. Қазақта «малды малдай адам ғана бағады» деген сөз бар. Әрине, бұл жердегі «малдай» сөзі мал бағудың бейнетін түсінетін адам деген мағынада екені анық. Соның ішінде жылқыны баптау қиын. Шапқаннан кейін оны суыту деген сияқты қарапайым қағидалар бар. Тұратын орнының тазалығын, жейтін жем-шөбін әзірлеу керек. Жылқы күтімі – еңбек, бір жағынан физикалық жаттығу. Ал күнделікті аттың үстін тазалап, жал-құйрығын тарау жүйкені кәдімгідей тыныштандырады. Мен үшін атпен серуендеу – демалыстың ең керемет түрі».



НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

«Тас гүлі»

Жазушы Карина Сәрсенова алматылықтар мен қала қонақтарын өзінің көркем тастар жинағын тамашалауға шақырады. Ол әлемнің түкпір-түкпірінен ең қарапайым, бірақ ерекше тастарды жинаған. Олар граниттің бір бөлігі, тау өзенінің тастары немесе тіпті, нақты геологиялық артефакт болуы мүмкін. Жинақтан бразилиялық кәріптасты немесе қазуды көруге болады. 100 миллион жылдан астам уақытқа созылған тропикалық ағаштың қазылған шайыры да бар. Ол ежелгі өсімдіктер мен жәндіктердің іздерін сақтайды. Мадагаскардағы қазбалар мен Орал жәрменкесінің коллекциясы ерекше қызығушылық тудырады.

Күні мен уақыты: көрме күн сайын 15 қазанға дейін ашық. **Өтетін орны:** Art Galaxy Alma-Ata арт-кеңістігі (Назарбаев даңғылы, 223, 2-қабат).

Ескі бұйымдар – тарихтың сынығы

Қаланың тарихын қарапайым нәрселер арқылы, ерекше жәрменке арқылы жақсы тануға болады. Сенбі күні ескі үйлер сақталған Әшімбаев – Жетісу – Черкасск қорғаныс көшелерінің ауданында «Үлкен станицаның шағын жәрменкесі» өтеді. Жергілікті тұрғындар өздері сақтаған ескі заттарды – жиһаз, ыдыс-аяқ, зергерлік бұйымдарды шығарады. Оның әрқайсысы тарихтан хабар береді. Жәрменке бағдарламасы аясында Евгения Морозовамен бірге ескі көшелерге экскурсия өтеді. Сондай-ақ, тілек білдірушілер жергілікті казактардың ат полициясымен фотосессияға қатыса алады, сондай-ақ, Қазақстан орталығының мұражайына барып, нағыз самаурыннан шай іше алады. Қаланың көше әртістері мен музыканттары ерекше атмосфераны толықтырады.

Күні мен уақыты: 9 қазанда 12.00-ден 16.00-ге дейін. **Орны:** Әшімбаев–Жетісу–Черкасск қорғаныс көшелерінің төрттігінде.

«Киіз үй» көйлек

Суретші Әсел Кенжетәева мен фотограф Наталия Косицина «Artefuckty» көрмесін ашуда. Онда дәстүрлі мотивтерге жүгіну негізінде жасалған маталар мен костюмдермен эскиздер мен эксперименттер жасау кезінде басталған суретшілердің екі жылдық күш-жігерінің нәтижесін көруге болады. Киімдердің көпшілігі кілемдерден, заманауи емес, антикварлық емес, дәстүрлі кестеленген матадан жасалған. Кейбіреулері көшпелі халыққа тән құрақ техникасы негізінде жасалған. Әсел Кенжетәева ұсынған көйлек киіз үйге ұқсайды. Ол қолына іліккен ретсіз, түрлі-түсті материалдарды пайдалану арқылы бұрынырақта тігілген киіз үйді көрсеткісі келген. Жарық пен композиция фотограф Наталья Косицинаның негізгі әдісі болып табылады, сондықтан оның жұмысы «жалаңаш» фотосурет саналады.

Уақыты: күн сайын сағат 10.00-ден 20.00-ге дейін. **Орны:** Coffee art TK ArtResidence Алматы (Бекхожин к-сі, 15 А).



Өмірінің өзі – тұтас дәуір



Динара
МҰРАТ

Қазанның 6-жұлдызында «Алатау» дәстүрлі өнер театры қала күніне, Тәуелсіздігіміздің 30 жылдығына, алты Алашқа әйгілі, қазақ өнер тарихында ойып алар өзіндік орны бар композитор, ақын Мұхит Мерәліұлының 180 жылдық мерейтойына орай, ақын-драматург, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, халықаралық «Алаш» және тәуелсіз «Тарлан» сыйлықтарының иегері Иран-Ғайыптың «Ән-Мұхит» музыкалық қойылымының премьерасын тарту ете отырып, театрдың 5-маусымының шымылдығын салтанатты түрде ашты. Қойылым режиссері – Жұлдызбек Жұманбай.

Драмалық қойылым Батыс Қазақстан тұмасы, ел арасында «әнші Мұхит», «сал Мұхит» аталып кеткен Мұхит Мерәліұлының өмір жолынан сыр шертеді. Оның 1841 жылы дүниеге келгенін ескерсек, қойылымда сол замандағы қазақ халқының басына түскен бар ауыртпалық пен бейнеттің мұңы мен қайғысы әуезді әнмен беріледі. Бір ғана әншінің өмірі емес, тұтас дәуір көрініс табады.

Жас кезінен-ақ әнге, домбыраға әуес болған күйші батысқазақстандық әншілік өнердің негізін қалап, өз өңірінің бетке ұстар азаматына айналды. Түрлі аспаптардың құлағында ойнаған әнші классикалық музыка аспабы – скрипкада ойнауды да жетік меңгерген.

Төре тұқымынан шыққанына қарамастан, өсе келе Мұхит елге билік жүргізетін төреліктен, байлық-дәулеттен бас тартып, бар өмірін өнерге бағыштайды. Бұл жолда оған өнерпаз ағалары Шәңгерей, Сақыпкерей, Жанша, Жүсіптер қолғабыс болады.



Мұхит 43 ән мен бір күйдің авторы, оның барлық шығармалары үш компоненттен тұрады: поэтикалық мазмұн, әуен, домбыра партиясы. Музыкадағы үштілділік Батыс Қазақстан өңірінің ән-аспаптық дәстүрін басқалардан ерекшелендіреді. Аталмыш қойылымда орындалған Алты Алашқа әйгілі сал Мұхиттың, қазақ музыка мәдениетінің алтын қорындағы «Айнамақоз», «Үлкен Айдай», «Кіші Айдай», «Зәуреш», «Таңқойлек», «Қара қаншықтың әні», «Алуаш» әндері ансамбль артисі, қобызшы – Нұрболат Қыдырбаевтың арнайы қойылым үшін жазылған авторлық дүниелерімен, дәстүрлі өнердің нақыштарымен көркемделеді.

Ал «Ән-Мұхит» пьесасының өзі бес жыл бұрын жазылған. Орал облысының әкімі бұл істі өмір бойы өнерде жүрген, 63 пьесаның авторы, ақын әрі драматург Иран-Ғайып Оразбаевқа тапсырды. Оның ішінде 11 пьеса Абай атындағы Қазақ Ұлт-

тық академиялық опера және балет театрында, 12 пьеса Ғабит Мүсірепов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрында, екі қойылым Ұйғыр театрында көрсетілді.

«Ән-Мұхит» пьесасының авторы Иран-Ғайып Оразбаев пьесаны жазу кезінде суретшілер, композиторлар және тарихшылар тобымен жұмыс істеді. Сондай-ақ, драматург-ақын Мұхит өмір сүрген ауылға барып, оның өмірін зерттеді.

«Баяғыдан бері «түрлі симфонияларда, алып музыканттар шығармаларында кездесетін ноталарды бұлар қайдан алды?» деп ойлайтынмын. Сөйтсем, Мұхиттың әндері екен ғой. Бүгін, міне, аруақ алдында бір таза, оның авторлық дүниелерін бірінші рет осында беріп отырмыз. Пьесаны жазарда, Оралдан 350 шықырымдағы ауылға бардық. Ауылға кіре берісте қолында домбырасы бар ескерткіші қойылған екен. Сөйтсем, мыстан жасалған домбыраның басы сыңан, ианағы ғана тұр. Сонда атақты ақынға тұратын құрмет көрсетілмейтінін түсіндім. Сондықтан осы туындымен Мұхиттың есімі ұмыт болмас үшін, ақынға лайық құрметімді көрсеткім келді. Осы сәтті пайдаланып, «Алатау» театрының ұжымына алғыс білдіремін. Ринат Зайытовтың арқасында бұл пьеса алматылық көрерменге жол тартты», – деді Иран-Ғайып Оразбаев.

Өз кезегінде «Алатау» дәстүрлі өнер театрының директоры Ринат Зайытов бұл қойылым Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына, Желтоқсан оқиғасының 35 жылдығына, ақын Мұхит



«...қазақ әндері саласында Мұхит – қазақтың Баяны халық музыка элементтерінен өзіндік мағынасы бар ән мектебін құрды».

А.Затаевич

Мерәліевтің 180 жылдығына орайластырылғанын атап өтті.

– «Ән-Мұхит» музыкалық драмасының қойылымы «Рухани жаңғыру»

бағдарламасы аясында өтіп жатыр. Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаев жұмыс басталар алдында маған: «Сіздің алдыңызда өте жауапты міндет тұр, оны сіз 100%-ға өтеуіңіз керек», – деді. Иран-Ғайыптың драматургиясы – бұл таза «Шекспир» тілі, ол адамдарда жанашырлық сезімін оятып, жүрек түбінен жауап іздейді. Біз батыс мәдениетіне таңданамыз, бірақ қазақ мәдениеті мен өнерін көрсететін кез келді. Біздің де мақтанатымыз бар, – дейді театр директоры.



Қойылымның тағы бір ерекше тұсы – барлық костюмдер мен декорацияларды театр қызметкерлері жасаған екен. Өйткені жақында театр өзінің киім тігетін цехын ашқан. Барлық киім ұлттық нақышта қолдан тігілген.

– Көпшілік осы ноталарды, әуендерді фильмдер, опера мен симфонияларда естіген болар, бірақ олардың авторы Мұхит ақын екенін бірі білсе, бірі білмейді. Қойылымды қою барысында оның әндерінің әуенін түп нұсқада беруге тырыс-

тық. Әдеттегідей барлық әндер жанды дауыста шырқалады, – деді қойылым режиссеры.

Басты кейіпкер Мұхиттың рөлін – Нұрболат Исаев есімді жас өнерпаз сомдайды, театр кеңістігінде тағы да бір жаңа есімнің ашылатыны сөзсіз. Оның жанды дауысымен орындалған әрбір ән бізді сол сәтке алып кеткендей әсер қалдырды.

Драма ә дегеннен көрерменнің назарын жаулап алады. Тойған байдан қолдау таппай, айдалаға қуылған ақын боранда қалады. Сұрапыл аязда сазгер жалғыз қорғаны, серігі қара итінен айырылады. Қасқырларға жемтік болған қаншықтың өлімі әсерлі бимен беріліп, «Қара қаншық» әнімен жоктау айтылады.

Одан кейін XIX ғасырдың соңындағы қазақ даласының күйбең тірлігі мен ақындар мен жыраулар көпшіліктің аузынан түспей, ерекше ықыласқа бөленген беймал шаққа куә боламыз. Мұхит ауыл-ауылды аралап, айтыстарға қатысып, Құралай есімді сұлуға ғашық болады. Іштегі бар сезімін «Айнамақоз» әнімен жеткізеді.

Алайда, орыстану саясатымен келген алғашқы ызғар барлығын өзгертеді. Адам жаны мен қаны сататындар көбейеді. Мұхиттың әнін де ұрлап, тіпті, «мен Мұхитпын» деген әншісімақтар қаптапты. Мұнда режиссердің бір аясы – әлгі өтірікші әншілердің рөлін заманауи киім киген әртістер сомдайды. Бәлкім, қазіргі «хит» қуалағанды, той әндерінің қаптағанын, өнердің ұсақталғанын меңзеген болар.

Бірақ ұлт өміріне бейжай қарамайтын кез келген жанның жүрегін тебіренгізіп, өкініш сезімен жылатқан тарихтың қайғылы беті – XX ғасырдың басын сомдау жүгі соңына қалған. Қазақтардың өмірін екі айырған азамат соғысы, «ақтар» мен «қызылдар» жанжалының отына күйген қарапайым халықтың мұң-қайғысы. Әсіресе, «Тақтан құлады!», «Патша құлады!», «Ақтар келді», кейін «Қызылдар келді» деген суық хабарды естігенде еріксіз түршігесің. Не істерін білмеген жұрт біресе ақ етік киіп, кейін оны қызылға ауыстырады. Екі жақ та бейкүнә адамдарды малдай бір қораға жинап, сабайды. Осы жерде Мұхит дарынды ақыннан, азаматтық позициясы бар «халық әншісіне» айналады, өз жұртының мүшкіл жағдайын қорықпай жырлайды.

Өздеріңіз байқағандай, әр әннің өз тарихы мен себеп-салдары болады. Біз бір қойылым емес, бірнеше оқиғаның куәсі болдық. Бірге жылап, бірге күлдік. Мұның барлығы ең алдымен, жақсы ойластырылған пьесаның, режиссер аясының, әртістердің шынайы ойнауының арқасы деп білеміз. Қойылым театр репертуарынан өз орнын алды.

НЕ?

ҚАЙДА?

ҚАШАН?

Тәжірибесі бар достық

Бауырлас қалалар достығы қарым-қатынасының 30 жылдығына орай «Алматы – Ренн» фотокөрмесі өтуде.

Алматы мен Ренн қалалары арасындағы қашықтық шамамен 7000 шақырымды құрайды, бірақ соған қарамастан, ел Тәуелсіздігінің 30 жылы ішінде Алматы мен Ренн қаласы арасында сенімді достық көпірі салынғанын және орасан зор мәдени-білім беру жұмысы жүргізілгенін атап өтуге болады. Қалалар арасындағы бауырластық 1991 жылы тәуелсіздік таңында университеттер арасында студенттер алмасу арқылы нығайтылды. Осы сәттен бастап алматылықтар арасында француз мәдениетін танымал ету басталды. Қазіргі уақытта қалада төрт мектеп жұмыс істейді, онда олар француз тілін тереңдетіп оқиды. Фотокөрмеде екі қала арасындағы байланыс тарихындағы негізгі оқиғалар, сондай-ақ, қазіргі екі қаланың көрікті жерлері түсірілген суреттер көрсетіледі.

Өтетін орны: Алматы мұражайы (Қабанбай батыр көшесі, 132).

«Мерейлі 60+60»

Бүгін және ертең Республика сарайында әзіл әлемінің майталманы, сатираның саңлағы саналатын «Шаншар» театрының «Мерейлі 60+60» атты концерті өтеді. Айтулы шара театр әртістері Уәлибек Әбдірайымов пен Жүсіп Ақшораның асқаралы 60 жасқа толуына орай ұйымдастырылмақ.

Республикалық деңгейде танымалдыққа ие «Шаншар» театры жиырма бес жылдан астам уақыттан бері жұмыс істеп келеді. Бағдарлама қонақтары: қазақ эстрадасының жұлдыздары Роза Әлқожа, Төреғали Төреәлі, Заттыбек Көпбосынұлы, Жұбаныш Жексен, Әбунасыр Серіков, Бауыржан Ибрагимов.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, пандемиялық жағдайға байланысты орын саны шектеулі болмақ. Дегенмен, кеш жайлы әрі қызықты өтеді деген сенім білдіреді.

Уақыты: 9 қазан, 16.00

Оркестр-адам

Ертең саксафонның таңғажайып дыбысы, дудук пен опералық вокал шебері Евгений Дроботтың жеке концерті өтеді. Атаулы шарада «Эйфория» атмосферасына еніп, бесаспап жұлдыздың қолында шырқалатын саксафон дыбысынан ләззат ала аласыз», – дейді ұйымдастырушылар.

Уақыты: 10 қазан, 18.00

Әзірлегендер
Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ,
Айжан БҰРКІТБАЕВА.

Рая
ЕСКЕНДІР

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Біздің елімізде Досхан Жолжақсыновтың сан қырлы шығармашылығын білмейтін жан жоқ. Сіз қаршадайыңыздан қазақ руханиятына қызмет етіп, елдің есінде, жұрттың санасында мәңгілікке сақталатын бейнелерді сомдадыңыз. Сондықтан сіздің театр сахнасы мен кино экранында бейнелеген актерлік шеберлігіңізге, нақышымен ән орындау өнеріңізге тәнті болған өнерсүйер қауым мен қарапайым көрермен өте көп. Кинорежиссер ретінде «Біржан сал», «Құнанбай» секілді кесек дүниелер түсіріп, ұлттық кинематографиямыздың дамуына сүбелі үлес қостыңыз. Әсіресе, «Біржан сал» фильмін қалың көпшілік өте жылы қабылдап, жоғары бағалағанын айта кетуіміз керек. Ал «Құнанбай» фильмі дала данышпанына қойылған сом ескірткіштей болды. Сонымен қатар, сіз актер, режиссер, продюсер, сценарист, әнші ғана емес, әкімшілік жұмысты да табысты атқардыңыз. Бұл сіздің сан қырлы азамат екеніңізді дәлелдей түссе керек. Сізді 70 жылдық мерейтойыңызбен қатар, шығармашылық қызметіңіздің 50 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын, – деді Қырымбек Елеуұлы.

Келесі кезекте құттықтау сөз кезегін алған Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі Ақтоты Райымқұлова қазақ руханиятын байытуға зор үлес қосқан дара таланттың шығармашылығына құрмет білдірді.

– Бала кезімізден сіздің өнеріңізге тәнті болып өстік. Сіз тәуелсіз еліміздің мәдениеті мен өнеріне өлшеусіз үлес қосып келсіз. Әлі де жас таланттарға оң бағыт беріп, өнеріміздің өркендеуіне үлес қосатыныңызға сенімдімін, – деген Мәдениет министрі арнайы сый-сияпатын табыс етсе, танымал режиссер Ақан Сатаев өнер шебері түскен фильмдер таспасын, «Ұлттық киноны қолдау орталығының» басшысы Есетжан Қосубаев мерейтой иесіне кинода сомдаған кейіпкерлерінің картинасын табыс етті. Сонымен қатар, Алматы қаласы әкімінің атынан арнайы сый-сияпаттар тарту етілді.

«ОТАН» ОРДЕНІМЕН МАРАПАТТАЛДЫ

Қазақстанның Халық әртісі, екі мәрте Мемлекеттік сыйлықтың иегері
Досхан Жолжақсыновтың 70 жылдығына арналған салтанатты жиын өтті



Досхан ЖОЛЖАҚСЫНОВ,
Қазақстанның Халық әртісі:

– Марапат деген кейде адамды өшіруі де мүмкін. Сондықтан осы жағына абай болған жөн дер едім. Ертенгі күннің бағыт-бағдарына себебі тиетініне сенгім келеді. Жалпы, орнымен мақтап, бағасын беріп отырса, өнер адамының мерейінің үстем болары хақ. Өнердің тұғыры – шабыт. Ізденуің керек, құлақ бұрау, қанша түн ұйқыдан айырылуың керек. Мен жанашыр көрермендеріме, тырнақалды туындыларымды түсініп көретін көрермендерге басымды иіп тағзым етемін.



Лидия КӘДЕНОВА,
Қазақстанның Халық әртісі:

– Досханмен алғаш рет Жастар театрында режиссер В.Пұсырманов сахналаған Ж.Тәшенов пен И.Савиннің «Қаладан келген қылжақбас» деген қойылымында басты рөлдерде ойнадық. Ол кезде екеуіміздің де оқуды жаңадан бітіріп, жалындап тұрған кезіміз. Сол жолы сахнада елімізге танымал өнер шеберлері Әмина Өмірзақова мен Бәйділда Қалтаевпен партнер болдық. Одан кейін де көптеген спектакльдерде ойнадық. Кейін Досхан киноға кетіп, табысты еңбек етті. Қаншама рет театрға шақырдық. Өріптес ретінде әлі де театрға келуіне тілектеспін.



Роза ӘШІРБЕКОВА,
Қазақстанның Халық әртісі:

– Кеше ғана жүгіріп жүрген жас жігіт 70-ке толды дегенге сенбей де отырмын. Досхан біздің Жастар театрында жарты ғасырға жуық еңбек етті. Барлық марапатты театрда жүрген кезінде алды. Екеуіміз көп жыл партнер болдық. Қандай қойылым болсын, Досхан оны шебер орындап шығатын. Біздің театрға сіңірген еңбегі зор.



Айдос БЕКТЕМІРОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі:

– Досхан туралы айту керек. Өйткені, ол – өнеге. Кейде біз көптің ішінен жақсыларды байқамай жатамыз. Қазақта жақсылар көп, әттең-айы, пендешілікпен айтқымыз келмей жатады. Жақсыны айту керек. Досханның қазаққа жасап жатқаны ерен. Кинолардан көріп жатырмыз, қазақтың салсерілерін тірілтті. Ұлттың мақтаныштарын халқымен қауыштырып жатыр. Қазір жастарымыз кино түсіргісі келеді, бірақ тарихты терең білмейді. Біздің киноның кемшін түсіп жатқаны сол. Ал Досхан тарихты терең зерттеп, киносымен дәлелдеп отыр. Елді сүю, жерді сүюді киноның тілімен жеткізе білді.



Төлеген МҰХАМЕДЖАНОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері:

– Екеуіміз 45 жылдан бері бірге келе жатырмыз. Менің жан досым. Қиындық пен қызықты бірге көріп келеміз. Алматыда тұрғанымда күніне екі мәрте кездесетінбіз. Досханға берілген марапат – біздің де қуанышымыз.

БІЛІМ

ҮЗДІК МЕКТЕПТЕР РЕЙТИНГІ

Рая
ЕСКЕРМЕСҚЫЗЫ

Қалалық Білім басқармасы 2020 жылы үздік нәтиже көрсеткен мемлекеттік мектептердің рейтингісін жариялады. Негізгі шарт бойынша білім беру мекемелері үздік және екінді оқушылардың саны бойынша бағаланып, оқушылардың олимпиадаларға қатысуы да ескерілді.

Қаламыздың жақсы көрсеткішке қол жеткізген жалпы білім беретін мектептері ең үздік 5 білім беру мекемелерінің қатарына енді. Сонымен, 1-орынға 97,74% нәтижемен Әуезов ауданының 32 мектебі, 2-орынға 90,31% көрсеткішпен Алмалы ауданының 29 мектебі және 3-орынға 87,26% көрсеткішпен Түркісіб ауданы мектептері орныкса, Наурызбай ауданының мектептері 4-орынды иеленді. Қазіргі кезде ауданның 9 мектебінде 16 мыңға жуық бала оқиды. Өрбір үшінші бала үздіктер қатарында, оқушылардың 40%-дан астамы – оқу екпінділері, ал 2020 жылғы олимпиадаға 340 оқушы қатысты.

Жыл сайын мектептердегі оқу үдерісіне жанашылдық енгізе отырып, көшбасшылық орындар үшін жарысуда. 2021 оқу жылында Премьер-Министр Асқар Мамин BINOM School, яғни қазақстандық білім беру үдерісіне озық әдістерді енгізудің жаңа брендин ұсынған бо-

латын. Мұндай форматтағы мектептер әзірге тек елордада ғана ашылып жатыр. Өз кезегінде, алматылық мектептер де жаңашылдық енгізуге ұмтылуда.

Жақында Наурызбай ауданының №174 мектеп-гимназиясында робототехника сыныбы ашылды. Қала мектептері арасындағы рейтингіде 59 орында тұрған №174 гимназияны 2017 жылы «Сәби» қайырымдылық қоры салып, пайдалануға берген болатын. Бұл мектеп жеке қаражат есебінен (12 000 шаршы метр, 1200 оқушы, 3 гектар аумақ) салынып, қалаға тегін сыйға тартылған бірден-бір мектеп. Сондай-ақ, «Сәби» қоры робототехника сабағын ұйымдастыруға жұмсалған шығындарды да өз мойнына алды. Мамандандырылған кеңсеге 16 заманауи ноутбук, екі 3D принтер, 3D сканер, интерактивті панель және басқа да инновациялық құрылғылар орнатылды. Жобаның жалпы құны 10,6 миллион теңгеден асты.

КӘСІБИ МЕРЕКЕ

Айжан
БҮРКІТБАЕВА

10 қазан – Қазақстан кәсіподақтары күні. Ол 2019 жылы 22 мамырда Қазақстан Кәсіп-одақтар федерациясының бастама-сымен және Қазақстан Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің қолдауымен құрылған болатын.

Кәсіподақ – жұмыс істейтін халықтың еңбек және әлеуметтік-экономикалық аспектілерін қорғайтын ұйым. Қызметшілердің мүдделерін қорғау, құқықтарының сақталуын қоғамдық түрде

Кәсіподақ – халық қызметшісі

бақылау, еңбек қауіпсіздігі және оны қорғау, жанжалдарды шешу – бұл ұйымның басты міндеттері.

Жалпы, Қазақстанның кәсіподақ қозғалысының тарихы XX ғасырдың басынан бастау алады. 1905 жылы 6 желтоқсанда құрылған қазіргі Қарағанды облысының аумағында орналасқан Успен мыс кенішінің жұмысшылар одағы еліміздегі алғашқы кәсіподақ ұйымы болып саналады.

Кеңес Одағында барлық кәсіподақ ұйымдарының қызметін 1918 жылы құрылған Бүкілодақтық орталық кәсіптік одақтар Кеңесі басқарды. 1948 жылы өткен Кәсіптік одақтардың Бүкіло-

дақтық Орталық кеңесінің XIX пленумында Қазақ КСР кәсіподақтарын басқару үшін бірыңғай орталық орган – Қазақ кәсіптік одақтар кеңесін (Қазақ кәсіподақ кеңесін) құру туралы қаулы қабылданды.

1990 жылы қазанда Қазақстан кәсіподақтарының кезекті съезінде Қазақ кәсіподақ Кеңесінің құқықтық мұрагері ретінде Қазақ КСР кәсіптік одақтар федерациясын құру туралы шешім шығарылды. Оның құрылтайшылары және алғашқы мүшелері салалық кәсіподақтар мен аймақтық Кәсіподақтар болды.

Қайрат ҚАРАТАЕВ,
«Алматы кәсіподақтары» аумақтық
кәсіподақтар ұйымының төрағасы:

– Бүгінде құрамында түрлі саладағы 30-дай ұйымының басын біріктіріп отырған Алматы кәсіподақтар ұйымы аумақтық кәсіподақтар бірлестігінің 350 мыңға тарта мүшесі бар. Оның ішінде Алматы қаласында орналасқан мәдениет пен спорт, агроөнеркәсіп, білім беру мен денсаулық сақтау, ақпарат құралдары қызметкерлері кәсіподақ ұйымдарының құрамындағы 22 салалық кәсіподақ есебінде 160 мың заңды мүше бар. Аталған кәсіподақтар еңбек және ұжымдық келісімшарттарын жасауға және ондағы әр пункттің бұзылмай, нақты орындалуына ұдайы

назар аударып, зер сала қадағалап отырады. Қазір ұйым атынан Алматы қаласы мен облысы бойынша аймақтық келісімшарттар жасалды. Кәсіподақ жетекшілерінің өзі жетекшілік ететін сала бойынша білімі мен тәжірибесін көтеру ісі қолға алынуда. Әр 3 ай сайын кадрлардың білімін жетілдіру мақсатында арнайы семинар-кеңестер өтуде. Сондай-ақ, түрлі спорттық шара ұйымдастыру, зейнеткерлікке шыққан бұрынғы кәсіподақ басшыларына мерекелерде сый-құрмет көрсетіп, еңбегін бағалау ісі жіті назарда. «Руханият», «Ұстаз», «Қамқоршы», «Парасат», «Медик», «Бақыт», «Демеу» секілді кәсіподақ ұйымдарының жетекшілері өз саласындағы ұйым жұмысын бүгінгі күн талабына сай ұйымдастырып, дұрыс жүргізуге күш салып келеді.





ЖӘДІГЕР



Алматыдағы Ғ.Мүсіреповтің музей-үйінде сырбаз суреткердің билъярд ойнаған кийі экспозицияға қойылған. Ағаштан жасалған кийдің өлшемі – 1,5 м. Қорабы бар. Қызыл ағаштан өрнектеліп жасалған. Музейге 1991 жылы Ангелина Ғабитқызы тапсырған.

Ғабеннің жаны құмар істерінің бірі – билъярд ойнау болған. Қазіргі Жазушылар одағының 3-қабатын

кийінің ұшына ақ борды мағаздана жағып, тастарды асықпай, баппен көздеген және көздегені мүлт кетпей, дөңгелеген тастар торға топ-топ түсіп отырған көрінеді. Арнайы кийін ерінбей өзімен бірге алып жүрген. «Шыны керек, Ғабен билъярдты тамаша ойнайды деп айтқандарға іштей қызыға да, қызғана да қарайтынмын. ...Ғабенмен билъярд ойнау түгілі, ойлап жүріп ойнағанын, ойлап жүріп ойланғанын

ҒАБЕННІҢ БИЛЬЯРД ТАЯҒЫ

дағы кең фойеге ең алғашқы билъярд столын әкеліп қойдырған да өзі екен. Қаламгердің көзін көрген, бірге жүрген замандастарының: «Ғабеннің өз айтуы бойынша билъярдшылардың Алматыда да, Мәскеуде де шын шеберлерін кездестіріп, ойнаған екен. Кейбірімен бәс тігіп, апта бойы сайысқан да көрінеді» деген естеліктерін де баспасөз беттерінен кездестіреміз. Сол замандастарының айтуынша, Ғабен билъярдты ойнағанда да сырбаздығынан танбай,

көрудің өзі неге тұрады?!», – деген екен С.Әшімбаев. («Мүсірепов–100», 2001 ж.).

Профессор Тұрсынбек Кәкішев «Тәбәрік» деген естелігінде: «Ғабенмен жиырма жылдай билъярд ойнадым. Билъярдты жанындай жақсы көретін Қазақстанның халық әртісі Ғарифолла Құрманғалиев, медицина ғылымының докторы, академик Ишанбай Қарақұлов, қазақтың атакты сазгері Сыдық Мұхаметжанов, Кенжебек Күмісбеков, Еркеғали Рахмадиев, халық суретшісі Молдахмет Кенбаев, атакты дирижер Алдабергел Мырзабеков, Ғабеннің сүйікті інілерінің бірі, атакты жазушы Сафуан Шаймерденовтермен жиі-жиі кездесіп жүрдік...

Ғабеннің шар көздегені жұрттан ерекше болатын. Әдетте тура көздеп, тартып жібереміз ғой. Ал Ғабен болса асықпай-үсікпей көздейді де, ұрар кезде кийінің ұшын бұраңдатып тартып қалады. Шардың бүйірінен ұрғандай әсер қалдырады. Далаға кеткен-ақ шығар деп тұрғанда ұясына топ ете түседі...», – деп еске алады («Ғабит Мүсірепов туралы естеліктер», 2007).

Рашида ОТАРОВА,
Алматы қаласының музейлер бірлестігіне қарасты
«С.Мұқанов пен Ғ.Мүсіреповтің
әдеби-мемориалдық музей кешенінің» ғылыми
қызметкері.

ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Кимешектің тарихы тым тереңде. Үлкендердің айтуынша, қызының отау құрып, көп ұзамай құрсақ көтеріп, ана болуын тілеген аналар кимешекті алдын ала тіктіріп, сақтап қоятын болған.

Кимешекке жеткенше әйел баласы бірнеше кезеңнен өтіп, әртүрлі баскиім киіп, бастың өзін «бастықтыруы» қажет. Айталық, сәби қыз дүниеге келгеннен бастап – сылау тақия, сырға тақия, көз моншақты тақия, балауса қыздар маңдайын кестелеген шыт байлама, бойжеткендер маржандаған кепеш, топы, үкілі тақия немесе қалыңдықтар қарқаралы бөрік, сораба және сәукеле, қасаба киген. Келін болып түскенде үстіне салы (шәлі) жамылған. Бір балалы болғанша салы, байлауыш байлап жүрген.

Біз кимешек тігетін Гүлзат РАХЫМЖАН-ҚЫЗЫМЕН сұхбаттасқан едік.

– Кимешек тігуді қай уақыттан бері бастадыңыз?

– Көзімді алғаш ашқаннан бері ең алғаш кимешекті әжемнен көрдім. Ол кісінің даналығын, даралығын бұл бас киім ерекше етіп көрсетіп, өзіне өң беретін. Бұрындары әжеміздің ақылын сұрап ауыл адамдары жиі келетін. Ол кісінің тәрбиесін көріп өскен мен қазакилықты бойыма сіңіріп өстім. Кейіннен әжеміз о дүниеге кеткеннен кейін кимешек киген адамды көрмедім. Іштей құлазыдым. Өзім орыс мектебінде оқып, университетті орыс тілінде бітірсем де, ұлттық салт-дәстүрді бойыма сіңірдім, қазакилықты жаным сүйді. Кейіннен өсе келе, Наурыз мейрамын тойлай бастаған кезде аяқастынан кимешек қажет болды. Сол кезде базарларды табаным тозып қарап шықтым. Бірі кірленіп кетсе, енді бірі қолапайсыздау болды. Шыны керек, өзіме мүлдем ұнамады. Содан не керек, өзіме ыңғайлап бір түннің ішінде әжемдікіндей аппақ, мойыншақ тастармен оюланған кимешекті тігіп алдым. Жұмыстағы әріптестерім қызыға қарап, өздеріне де тігіп беруін өтінді. Осылайша кимешектің түр-түрін тігуді бастап кеттім.

– Тігіншілік кәсібіңіз бе, хоббиіңіз бе?

– Кимешек тігуді кәсіп ретінде бастай қоймадым. Өзірге сүйікті хоббиім. Көңілім құлази кетсе, түнімен отырып кимешек тігуді бастап кетемін. Қазір кимешек тігумен айналысқаным 4 жылдың жүзі болыпты. Бастапқыда жора-жолдастарым тапсырыс берсе, бүгінде әлеуметтік желі арқылы еліміздің түкпір-түкпірінен хабарласып, тігіп беруімді өтініп жатады. Ондай кезде қуанып қаламын. Себебі, менің ойға алған дүнием де осы еді. Кимешегімізді қайта жаңғыртып, сұранысын көбейту. Күнделікті күйбең тіршілікте де пайдаланып, оның қадір-қасиетін ұғынса екен деймін.

– Бас киімінің пішінін, көлемін қалай аңғаруға болады?



Киелі кимешек

– Кимешектің күрделі пішімі – басқа киілетін бөлігі. Ол – «төбелдірік», «шықшыт», «желке», маңдай», «алқым», «киін» деп аталатын бедер киінділерден құралады. Кимешек ұзындығына қарай – арқа жабар, бел жабар (түйе кимешек), қылта шалғай, өкше қағар болып төрт өлшемге бөлінеді. Кимешектің киюге де, күтуге де ыңғайлы түрі – тоқыма кимешек.

Тоқыма кимешек «киім-кешек» деген түбірге лайық төбесінен етегіне қарай ілмек (қармақ) бізбен тоқылып, ырықтан төмен түскенде кәдімгі желбегей жамылғыға жалғасып, түрлі бүршіктермен шашақтап, шілтерлеуге, әрлеуге мүмкіндік береді. Күндік, қасаба, сәлденің түрлері сияқты тоқыма кимешектер де жаздық, қыстық болып бөлінеді. Арқа жабар көбіне габатат құлшылық жасау, намаз оқуға ыңғайлы. Түйе-кимешек – үлгінің ертеден қалыптасқан түрі. Аты айтып тұрғандай, түйеге, басқа да көлікке отырғанда бүктелмейді, ұзындығы құйымшақтың ұшымен тұйықталады. «Күндігін қарқарадай қоқитып, түйенің үстінде келе жатыр» деген сөз тіркестері бар. Шалғайы қылтасын, қапталы бөксесін жауып киілетін кимешек – тойға да, «қойға да» ыңғайлы, күнделікті тұрмысқа қолайлы болған.

– Бүгінгі кимешектердің жоғары жағында орналасқан қорап жайында айта кетсеңіз...

– Кейінгі кездері базарларда кимешектің бас жағына қорапты салып қоятындар көбейіпті. «Заманына қарай амалы» дегеннің кей пі болар. Алайда бұл дұрыс емес, бұрынғы әжелеріміз кимешектің жоғары жағын киізден жасаған, суық өтпесін деген. Кардоннан жасалған кимешек дөңгеленіп қолапайсыздау болып тұрады. Қазіргі таңда қарап отырсаң, көбісі қырғыздың кимешегімен қазақтың кимешегін шатастырып тіге береді. Әрине, онда тұрған ешнәрсе жоқ, алайда, бір туған болсақ та, екі елдің екі түрлі салт-санасы, таным-түйсігі барын естен шығармағанымыз абзал. Қырғыз әйелдері «әлечек» деп атаған бас киім киген. Олардың тігісі мен матасы қалың әрі биіктеу көрінетін. Ал қазақ әйелдерінің кимешегі екі бөлімнен тұрады. Үстіңгі тюрбан мен астыңғы ақ орамал. Екі елдің бас киімінде де негізгі бөлімдері мен пішіндері ұқсас келеді. Өлгіндей кішігірім климаттық жағдайға қарай өзгерген.

Мен кимешек тігумен айналысқалы бері жасы біразға келген әжелерімізге, аналарымызға осынау киелі бас киімді сыйға тарта бастадым. Алдағы уақытта шәкірттер дайындап, оларды осы кәсіпке баулып, киелі кимешек киетін аналардың санын көбейтсем деймін.

Сұхбаттасқан Ақтолық ТҰРЛЫҒАЗЫ.



• Кимешек ақ матадан тігіліп, жиегі астарланады. Жасы егделенген әйелдердің кимешегінің ою-кестесі жеңіл, сары, ақ жіппен сырылады. Жас әйелдердің кимешегі қызыл, жасылмен әшекейленеді.

• Кимешектің кеудедегі бөлігінің ұшына күміс теңгелер тағылады. Бұл кимешекке сән береді, әрі төмен қарай басып, жазылып тұруға әсер етеді. Кимешек әйелдердің шашын шаң-тозаңнан сақтап, қобырап тұрмауына септігін тигізеді.

• Тарих беттері ертеде екі тайпа ел жауласып, өзара бітімге келе алмағанда ақ жаулықты аналарымыз араша түсіп, кимешектің үстіндегі жаулығын басынан сыпырып алып екі араға тастағанын айтады. Содан киелі бас киімнен ешкім аттап өте алмағанын білеміз.





Иман мен иба

Әлеуметтік желі қолданушыларының бірі – Анна Тарасова Мәскеу метросындағы өзі куә болған оқиғамен бөлісті.

«Бүгін мен жүрегімді қозғап өткен бір оқиғаны баяндайын. Вагонға кірген ақ шашты қария бауының шешіліп кеткенін байқады да, отыра қалып, еңкейіп оны байлауға кірісті. Бірақ егде жастағы адамның қолы икемге келмей қалтырап, байлай алмай қойды. Мен көмектеспекке ұмтылайын деп оқталсам да, «міне, міне, қазір өзі-ақ байлай қояды» деп іркіліңкіреп қалған едім. Бір кезде көптің ішінен басында жаулығы бар ортаазиялық әйел жедел жетіп келіп, жүрелей отыра қалып, қарияның аяқкімінің бауын байлай бастады. Мен бейтаныс әйелдің бетіндегі бетпердесінен оның жүзін көре алмадым. Бірақ оның тосын әрекетіне қарай жаны да әдемі екендігіне шүбәм болған жоқ», – деп жазған әйел ол сәттегі көріністі де қоса салыпты.

Оқыған жұрт жазбаның астына «Сананы тұрмыс билеген мына заманда мұндай қайырымды әрекеттер көп емес, өкінішке қарай. Қандай керемет көрініс!». «Орта Азияда егде жастағы кісілерге өте құрметпен қарайды. Олар өзінің жеті атасына дейін жатқа біледі». «Әлемде осындай қайырымды, мейірімді адамдар көп болғай! Біз христиан болайық, мұсылман болайық, Құдайдың алдында теңбіз» деген жағымды пікірлер қалдырған.

Жасандылыққа жаны қас



Ең танымал француз актері Ален Делон пластикалық операцияларға деген көзқарасы нашар екенін бұрыннан айтып келеді.

90-шы жылдары әлемдегі ең мықты деген пластикалық хирургтердің өзі 60 жастағы актерге «сізді он жылға дейін жасартып бере аламыз» деп алдында зыр жүгіретін. Бірақ Делон жасанды сұлулықты ешқашан құптаған емес. «Өтіп кеткен жастығымды қайтарамын деп сонынан жүгіру – кері кету, ал мен тек алға жүре бергім келеді, – дейді ол. – Пластикалық операция жасатып жас көрінемін деу – өзінді алдау, ал өзгелер мыскылдап күлуі мүмкін».

2017 жылы Ален Делон актерлік мансабының аяқталғанын ресми түрде жариялап, қалған өмірін бизнеске арнайтынын мәлімдеген болатын. Ол құрған компаниялар продюсерлікпен, сондай-ақ, әртүрлі тауарларды өндірумен айналысып келеді. «A.D.» брендімен бүгінде бағалы парфюмерия, галстуктер, сағаттар, көзілдіріктер сатылады. Актердің өзі бизнесті Женева манындағы швейцариялық сарайынан басқарады, ол әлемдегі ең үлкен жеке антиквариат коллекцияларының бірі ретінде де танымал.

Шеберлік



Туындыңызды түрлі қырынан бергіңіз келсе де, оған қажетті шикізатты оңай табуға болады. Мәселен, Кайл Бин есімді жас ағылшын дизайнері тұрмыстағы кез келген заттан адамдардың бейнесін де, жан-жануарларды да, бізді қоршаған барлық дүниені «сөйлете» береді. Бұл әдіс «хэндмэйд» (handmade)» деп аталады екен.

Жас дизайнер мына суреттегі екі адамды карандаштарды ұштаған кездегі нәзік жаңқаларынан салған. Өзгеше, ерекше, сапалы, жанды.

Нұр ЖАМАЛ.

Жұмыспен қамту тетіктері



Нұржамал
ӘЛІШЕВА

Алматы қаласы Халықты жұмыспен қамту орталығы мегаполистегі жұмыс берушілерге қоғамдық жұмыстарды, әлеуметтік жұмыс орындарын, жастар практикасын ұйымдастыру, сондай-ақ, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін арнайы жұмыс орындарын құру үшін өтінімдер жинаудың басталғанын хабарлайды. Өтінімдер 2021 жылдың 1 қарашасына дейін қабылданады.

Тақырыпқа орай жоғарыда айтылған мемлекеттік бағдарламалар туралы кеңірек тарқатайық.

ЖАСТАР ПРАКТИКАСЫ жоғары оқу орындарының түлектеріне алған мамандығы бойынша алғашқы жұмыс тәжірибесін жинауға мүмкіндік береді. Оған 29 жастан аспаған жастар оқу аяқталғаннан кейінгі 3 жыл ішінде жіберіледі.

Бұл орайда жұмыс берушілер де көп нәрседі ұтады. Мәселен, «Жастар практикасы» бағдарламасы арқылы жас та бастамашыл қызметкерді алуға мүмкіндігі бар.

Жастар практикасының мерзімі – 6 айға дейін, субсидиялар мөлшері 35 АЕК-ні (салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды, пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін өтемақыны және банк қызметтерін ескере отырып) құрайды.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ – еңбекақысын субсидиялай отырып, жұмыссыздарды жұмысқа орналастыру үшін Халықты жұмыспен қамту орталығымен шарт негізінде жұмыс беруші құратын жұмыс орны. Әлеуметтік жұмыс орындарына бірінші кезекте халықтың осал топтарынан адамдар қабылданады. Әлеуметтік жұмыс орындарының мерзімі 12 айдан аспайды. Ай сайынғы субсидия мөлшері белгіленген жалақы мөлшерінің 35%-ын құрайды, бірақ 1 ЕТЖ (ең төменгі жалақы) мөлшерінен аспайды.

ҚОҒАМДЫҚ ЖҰМЫСТАР қызметкердің алдын ала кәсіптік даярлаудан өтуін талап етпейді. Қала үшін әлеуметтік, экономикалық және экологиялық пайдасы бар және жұмыссыздарды уақытша жұмыспен қамтамасыз етеді. Қоғамдық жұмыстарға, әдетте, біліктілігі төмен, қосалқы және қосымша жұмыстар жатады.



Қоғамдық жұмыстар – бұл жұмыспен қамту проблемасын уақытша шешу және өмірлік қиын жағдайға тап болған, Жұмыспен қамту орталығында есепте тұрған жұмыссыз азаматтарға материалдық қолдау көрсету көздері.

Қоғамдық жұмыстардың мерзімі 12 айға дейін. Жалақы мөлшері экологиялық үстемеақылар бойынша төлемдерді есепке алмағанда, салықтарды, міндетті әлеуметтік аударымдарды және пайдаланылмаған еңбек демалысы үшін өтемақыны ескере отырып, айына 2 ЕТЖ-ны құрайды.

«АЛҒАШҚЫ ЖҰМЫС ОРНЫ» жобасы жастардың еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігін арттырып, оларға қажетті еңбек дағдылары мен бірінші жұмыс орнына бейімделуін қамтамасыз етеді. Осылайша жұмыс берушілерді әзірге еңбек тәжірибесі жоқ жастарды жұмысқа қабылдауға ынталандыратын болады. Жұмыс беруші Халықты жұмыспен қамту орталығымен ЖОО немесе колледж түлегін 24 айға жұмысқа орналастыру туралы шарт жасасады.

Алғашқы жұмыс орнына жұмысқа орналасуға көпбалалы немесе аз қам-
тылған отбасылар, еңбекке қабілетті мүгедектер қатарынан үш жыл ішінде оқуды аяқтаған, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары түлектерінің басым құқығы бар.

Халықты жұмыспен қамту орталығымен жасасқан шарт негізінде «Еңбек» бағдарламасына қатысушыны кемінде 24 ай тұрақты жұмысқа орналастырады. Бұл ретте Халықты жұмыспен қамту орталығы жұмыстың бірінші жылы үшін еңбекке ақы төлеуді субсидиялайды.

АРНАЙЫ ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫ – мүгедек жандарды жұмысқа орналастыруды көздейтін жоба. Бұл бағыттағы субсидиялар жұмыс берушілерге арнайы жұмыс орындарын жаратқандыру үшін сатып алуға жұмсалған шығындарды өтеу мақсатында беріледі.

Арнайы жұмыс орны мүгедектерді жұмысқа орналастыру және олардың жұмыспен қамтылуын сақтау үшін ол құрылған кезден бастап кемінде 12 ай мерзімге құрылады.

Сайып келгенде, бұл бағдарламаның бәрі – халықты жұмыспен қамтып, олардың жақсы тұрмыс кешуі үшін мемлекет деңгейінде қабылданған қамдамдар.

КЕРЕК ДЕРЕК



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«Той Март» супермаркетіне:

- сатушылар;
- кассирлер;
- ІС білімі бар операторлар;
- күзетшілер;
- қаптаушылар;
- тазалықшылар;
- арба сүйрегіштер;
- жүк тиеушілер керек.

Тел.: 8 708 711 82 90.

Розыбакиев көшесі, 4-үй.

«Alser TOO computers»:

- жинаушылар;
- жүк тиеушілер;
- Call-center операторларын іздейді.

Тел.: 8 702 770 00 50.

«NKB group Kazakhstan» ЖШС-ға:

- прораб;
- шебер;
- түрлі жұмыстарға жұмыскерлер;
- кеңсе менеджері керек.

Тел.: 8 707 775 25 01.

«Адал» ЖШС сүт зауытына:

- жүк тиеушілер (тамағы+жатын орны бар) қажет.

Тел.: 8 707 454 42 74,

«Алаш-1» стадионы.

«Mc Donald's» ЖШС-ға:

- мейрамхана қызметкері керек.

Тел.: 8 702 819 48 48.

«Қазпошта» АҚ-ға:

- жеткізу бойынша курьерлер керек.

Тел.: 8 778 969 09 20.

Бөгенбай батыр көшесі, 134-үй.

«Алматы Электротранс» ЖШС-ға:

- электриктер;
- троллейбус жүргізушілері;
- жуушылар керек.

Тел.: 8 747 975 04 37.

«Кариана-Трейл» ЖШС-ға:

- түрлі жұмыстарға жұмыскер;
- электрмен дәнекерлеушілер;
- жүк тиеушілер;
- құрылысшылар қажет.

Тел.: 8 707 720 58 15.

Қазыбаев көшесі, 264/А.

«Spark logis' tics» ЖШС-ға:

- Call-center маманы;
- жүргізуші-экспедитор;
- қоймашы-оператор керек.

Тел.: 8 771 709 00 99.

«Қайрат» шағынауданы, 282-үй.

«Кастинг» ЖШС-ға:

- балқытушы;
- кран машинистері;
- жүк тиеушілер;
- қосалқы жұмысшылар керек.

Тел.: 8 747 557 52 97.

Майлин көшесі, 85-үй.

«Magnum» супермаркетіне:

- сатушылар;
- кассирлер;
- жүк тиеушілер;
- аспаздар;
- қасапшы;

- кондитер;
- күзетші қажет.

Тел.: 8 707 688 98 91.

«Garden Park» қонақүйіне:

- горничныйлар;
- даяшылар;
- күзетші;
- аула сыпырушылар;
- сантехниктер;
- әкімші;
- бесасап аспаз;
- түнгі уақытқа менеджер керек.

Тел.: 8 700 555 69 39.

Байтұрсынов көшесі, 139-үй.

«Хафиз» ЖК:

- аула сыпырушылар іздейді.

Тел.: 8 700 302 40 02.

«Jardikz» ЖШС сүт компаниясына:

- сатушы-кассирлер;
- дүкен менеджері керек.

Тел.: 8 777 005 51 81.

«Жолашар-Ж.Д» ЖШС сервисіне:

- пойыз құрастырушысы;
- слесарь-сантехник керек.

Тел.: 8 707 480 24 48.

«Жедел-Күзет» ЖШС-ға:

- күзетшілер;
- жүргізуші-күзетшілер қажет.

Тел.: 8 707 111 74 07.

ЖҰМЫС ТАБУЫҢЫЗҒА

ТІЛЕКШІМІЗ!



ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

Жазыл да, ұтып ал!

Құрметті оқырман!

2022 жылға баспасөзге жазылу басталды. «Almaty aqshamy» газеті тұрақты оқырмандарымыз бен жаңа оқырмандарымызды редакцияның «Жазыл да, ұтып ал!» атты байқауына қатысуға шақырады. Көптеген бағалы сыйлықтар ойнатылады.

Байқауға қалай қатысуға болады?

«Almaty aqshamy» газетіне 2022 жылға бір жылға жазылу керек.

2021 жылдың 25 желтоқсанына дейін газетке жазылғаны жөніндегі түбіртектердің көшірмесін «Жазыл да, ұтып ал!» деген белгісі бар конвертке салып, редакцияға жолдаңыз. **Редакцияның мекенжайы:** ҚР, 050022, Алматы қаласы, Шевченко көшесі, 106 А (Масаншы көшесінің қиылысы), №21 бөлме, тел.: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61, немесе сканерленген жазылу түбіртегін (тақырып – «Жазыл да, ұтып ал!») alatayaqparat@mail.ru электронды адресіне жіберу керек.

Назар аударыңыз! Өзіңіздің толық аты-жөніңізді және мекенжай мен байланыс телефонның көрсетіңіз.

Қай жерде жазылуға болады?

«Казпочта» АҚ барлық бөлімшелерінде, «Агентство «Евразия пресс» ЖШС, «Эврика пресс» ЖШС және «Дауыс» ЖШС.

2022 жылға бір жылдық жазылу қанша тұрады?

Жекелеген оқырман үшін (жазылу индексі 65503) – 7206,00 теңге.

ҰОС ардагерлеріне, зейнеткерлерге, мүгедектері бар тұлғалар мен көпбалалы аналарға (жазылу индексі 95503) – 5286,00 теңге.

Тек бір жылға толық жазылған оқырмандар ғана қатыса алады.

Сыйлықтар 2022 жылдың 24 ақпанында «Almaty aqshamy» газетінің редакциясында байқау комиссиясы мүшелерінің және тәуелсіз бақылаушының қатысуымен өтеді. Жеңімпаздардың есімі 2022 жылдың 3 наурызындағы газет санында жарияланады.

Сәттілік серік болсын, құрметті оқырман!

Анықтама телефондары: 8 (727) 232-36-51, 232-36-56, 232-36-61.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!

«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;

* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;

* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;

* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy»

Жарнама бөліміне хабарласыңыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

Саусақ таңбасы алынады



Әсел
ДАҒЖАН

2023 жылы елімізде жеке басты куәландыратын құжаттарды рәсімдеген кезде саусақ таңбасын алу енгізіледі. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қалалық Полиция департаменті көші-қон қызметі басқармасының басшысы Арман Баймұхамбет айтты.

«Лиқи істер министрлігінің ақпараттық жүйесін Азаматтық хал актілері жазбаларымен интеграциялау арқылы

жалған құжаттар ұсыну мүмкіндігі жойылады. Сонымен қатар, әкімшілік кедергілер де алынып тасталады. Біз азаматтардан тегінің өзгергендігі, туған жері мен күні, ұлты және басқа да нақтылау мәліметтері туралы құжаттарды талап етпейтін боламыз», – деді басқарма басшысы. Оның айтуынша, 2023 жылдан бастап жеке басты куәландыратын құжаттарды алу немесе ауыстыру кезінде саусақтардың таңбасын алу енгізілмекші. «Бұл да заңсыз құжат жасау тәуекелін айтарлықтай төмендетеді», – деді Арман Баймұхамбет.

Веложарысқа орай жол жабылады



10 қазан күні Алматыда Tour of Kazakhstan, Almaty 2021 әуесқой веложарысының екінші кезеңі өтеді.

Осы жарыстың өтуіне байланысты сол күні жолдар жартылай жабылады, деп хабарлады Қазақстан велоспорт федерациясының баспасөз қызметі.

Достық даңғылы мен Оспанов көшесінің қиылысынан бастап «Медеу» мұз айдынына дейінгі автомобиль жолының учаскесі оңтүстік бағытта да, солтүстік бағытта да 9.30-дан 11.00-ге дейін жабылады.

Tour of Kazakhstan веложарысы. Almaty 2021 әуесқой велосипедшілер үшін нағыз бәйге болмақ. Қатысушыларды топтық жарыста екі кезек күтеді.

Әуесқой веложарыстың бірінші кезеңі 9 қазанда индустриалды аймақ аумағында өтеді, маршруттың ұзындығы 30 шақырымды құрайды.

Екінші кезек аясында әуесқой шабандоздар Достық даңғылы мен Оспанов көшесінің қиылысынан биік таудағы «Медеу» мұз айдынына дейінгі жолды өңсеру қажет, күрделі тау бағытының ұзындығы 10 шақырымды құрайды.

Велосипедшілер стартты бірге бастайды, ал жүлдегерлер ерлер мен әйелдер арасында абсолютті есепте және жас санаттары бойынша Халықаралық велосипедшілер одағының стандарттарына сәйкес анықталады.

Әсел БЕЛДЕУБАЕВА.

БРУЦЕЛЛЕЗ АУРУЫ

Бруцеллез туралы жалпы анықтама. Бруцеллез – Brucella атты жалпы атаумен біріктірілген бактериялар қоздыратын созылмалы өтетін адамдармен және жануарлардың ауруы.

Адам бруцеллезінде індеттің негізгі көзі қой, ешкі, сиректеу ірі қара мал, түйе, шошқа, марал және тағы басқа жануарлар болып табылады.

Бруцеллез адамдарға әртүрлі жолдармен жұғады. Індет көбінесе жанасқанда (ауру малмен немесе олардың өнімдерін, шикізаттарын пайдаланғанда) немесе алиментарлық жолмен жұғады.

Мал өнімдері мен шикізаттарының эпидемиологиялық маңызы көп мөлшерде ластанғанымен айқындалады, сонымен қатар, ол бруцелланың түріне және оның вируленттілігі мен ұзақ уақыт сақталуына байланысты. Мысалы, ластанған сүтте бруцеллалар 10 күннен аса, ішкі ұлпаларда, сүйекте, бұлшық ет пен лимфа бездерінде бір айдан аса, жүнде – 3 ай сақталады.

Адамның бруцеллезі – ауыр созылмалы індет. Жасырын кезеңі 1-2 аптаға, ал кейбірде 2 айға дейін созылады. Жасырын кезеңнің мерзімі организмге енген микробтардың санына, олардың вируленттігіне және организмнің төзімділігіне байланысты.

Бруцеллездің салдары. Аурудан сауығу жіті және созылмалы түрден кейін де болады, бірақ бәрібір буын, омыртқа немесе ішкі мүшелердің өзгерістері болуы мүмкін. Жиі жағдайда ірі буындарда түрін және қызметін өзгертетін өзгерістер қалыптасады.

Бруцеллезбен ауырғанда өлімге әкеп соқтыратын жағдайлар аз. Науқас ауруы асқынған жағдайда (буын қозғалысының шектелуі) еңбекке жарамсыз болып қалуы мүмкін. Ми зақымданғанда еңбекке жарамдылығы төмендейді.

Бруцеллездің алдын алу. Бруцеллездің алдын алу бұл ауыл шаруашылығы малдарының бруцеллезімен күресу және оларды күтіп-баптаудың ережелерін сақтау. Міндетті алдын алу шараларының бірі тамақты зарарсыздандыру: сүтті қайнату, дайын ешкі ірімшігін 2 ай, қатты ірімшік 3 ай ұстау. Барлық мал күтетін адамдар жеке бас тазалығын сақтап, жылына 1 рет алдын алу тексеруінен өтулері керек.

Б.МЫРЗАХМЕТОВ,

ҚР АШМ Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Алматы қаласы бойынша аумақтық инспекциясының Тамақ өнімдері қауіпсіздігі бөлімінің бас маманы.

Алмалы аудандық Ардагерлер кеңесі үздік дипломат, тыл ардагері

Қайыр Рахметжанұлы ОМАРОВТЫҢ

қайтыс болуына байланысты отбасы мен жақындарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДЮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Alatay Aqparat» ЖШС.
alatayaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Серік ЖҰМАБАЕВ**

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген. Тіркеу туралы №КЗ80ВР00026040 куәлігі 19.08.2020 жылы берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның компьютер орталығында теріліп, беттелді. Суреттердің сапасына редакция жауапты. Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап береді. Автордың мақалалары редакция көзқарасын білдірмейді. Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де басылды. 050044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17. Тел.: 273-50-53. Офсеттік басылым, көлемі 2 баспа табақ.



«ҚАЗАҚСТАНДА ӘРКІМ МАҢЫЗДЫ!»

Елімізде 2021 жылдың 1 қыркүйегі мен 30 қазаны аралығында жалпыұлттық халық санағы өтіп жатыр



САНАҚТАН ҚАЛАЙ ӨТУГЕ БОЛАДЫ

№1 SANAQ.GOV.KZ
САЙТЫНДА

№2 ИНТЕРВЬЮЕРДІҢ
КЕЛУІН КҮТУ

№3 НҰСҚАУШЫЛЫҚ
УЧАСКЕГЕ БАРУ



№1 ТӘСІЛМЕН САНАҚТАН
ӨТКЕНДЕР ҮШІН
санақтан өткендігі туралы
хабарлама нөмірін
көрсету жеткілікті

23 000-НАН АСТАМ
ИНТЕРВЬЮЕР
еліміз бойынша
БАРЛЫҚ тұрғын
үй-жайларды
аралайды



1 ҚЫРКҮЙЕК - 15 ҚАЗАН
АРАЛЫҒЫНДА

15-30 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА

15-30 ҚАЗАН АРАЛЫҒЫНДА

МҰРА

Кешегі күннен бір белгі



Әсел
ДАҒЖАН

1938–1945 жылдары Жамбыл Жабаевтың әдеби хатшысы болған ақын Ғали Ормановтың латын қарпімен жазылған күнделігі табылды.

Ғали Ормановтың немересі Айдар Қырықбайдың айтуынша, күнделік шамамен 1939 жылы жазылған. «Латын әліпбиімен жазылған. Күнделік сол күйі сақталған. Жазуы өзгермеген. Бүгінде сол күнделік жазылған әліпбиді білетін адамдар аз екен. Алдағы уақытта күнделікті аударуға береміз», – дейді Айдар Қырықбаев.

Оның айтуынша, күнделікті ала салып бірден оқып, түсініп кету мүмкін емес.



«3-4 рет оқығаннан кейін шамамен не жазылғанын түсінуге болады. Күнделікте Жамбыл атамызға кімдер келген, қандай мәселелер талқыланған деген секілді оқиғалар жазылған. Күнделік ешқайда жарық көрмеген. Сондықтан Жамбыл атамыздың шығармашылығын зерттеуге септігін тигізеді деп ойлаймын», – дейді немересі.

«АҚЫН»

Токиода көрсетілмек



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Белгілі режиссер Дәрежан Өмірбаевтың «Ақын» фильмінің әлемдік деңгейдегі тұсаукесері Халықаралық Токио кинофестивалі шеңберінде өтеді.

Аталмыш байқау биыл қазанның 30-ы мен қарашаның 8-і аралығында Жапонияда өтеді. Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ түсірген «Ақын» фильмі Дидар есімді мойындалмаған жазушының өмірі туралы баяндайды. Фильмнің сценарийі неміс жазушысы Герман Гессенің «Авторлық кеш» желісі бойынша жазылған.

«Ақын» фильмі ең алдымен, отандық көрермендерге арналған. Осының алдында түсірген менің басқа фильмдеріме қарағанда, бұл туындыны мазмұны мен проблематикасы жағынан ұлттық кино деуге болады. Фильмде қазақ тілі мен әдебиетіне қатысты проблемалар көтерілген. Алайда, бұл – көпшілікке ортақ мәселе, өйткені бүгінде қаншама тілдер жойылып барады», – дейді режиссер Дәрежан Өмірбаев.



1980 жылдан бері өткізіліп келе жатқан Tokyo International Film Festival кинофестивалі – әлемдегі үздік 15 кинобайқаудың қатарына кіретін «А» санатындағы беделді фестивальдердің бірі. Биыл фестивальге қатысуға 113 елден 1533 өтінім келіп түскен екен. Нәтижесінде, фестивальдің басты байқауына 15 кинотуынды іріктеліп алынған, оның 10 фильмі көрермендерге алғаш рет ұсынылмақ.

Халықаралық қазылар алқасын аты аңызға айналған француз актрисасы Изабель Юппер басқарады. Фестивальдің ашылу салтанатында америкалық режиссер Клинт Иствудтың «Жігіттердің көз жасы» атты картинасы көрсетіледі.

ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Ақылды шешім

«Venture Capital School» білім беру курсының бесінші легі аясында Алматыда «Smart City Accelerator Almaty» бағдарламасы қатысушыларының стартап кеңістігі орын алды. Бұл жоба жас инноваторлар үшін негізгі шығармашылық алаңға айналды.

«Smart City Accelerator Almaty» – қалалық қызметтерді цифрландыруға және жайлы қалалық орта құруға бағытталған Алматы әкімдігі цифрландыру басқармасы мен «Astana Hub»-тың бірлескен бағдарламасы. Ең қызықты бастамалардың ішінде Дінмұхамед Жүнісовтің ОКОО жобасы қаралды.

Бұл – компьютерлік ғылымдарды оқыту процесін жеңілдететін және оңтайландыратын мектептер үшін сандық білім беру платформасы. Бүгінгі таңда платформада 10000-нан астам пайдаланушы тіркелген, – деді әзірлеуші. Ол командамен бірге Цифрлық бағдарламалау мектебін құрды. Жоба тек оқушылар мен мұғалімдерге арналған курстарды ғана емес, сонымен қатар, сандық дағдыларын жетілдіргісі келетіндердің барлығына арналған жеке бағдарламаларды ұсынады.

Airflux стартапының негізін қалаушы –

Рустам Қабден өз өнімінің құндылығын денсаулық, жайлылық және қауіпсіздік деп бағалайды.

– Қай жерде болмасын, кеңседе немесе үйде – бізге әрқашан таза ауа қажет. Сізге тек терезені ашу керек сияқты. Бірақ бұл әрқашан көмектеспейді. Жазда толқу сезімі өзгеріссіз қалады, кіретін шаң, тозаң және аллергендер үйге кіреді, көшеде шу да пайда болады. Сонымен қатар, кішкентай балалардың терезеден құлап кету қаупі тағы бар. Қыста жоба суық тиюді тудыруы мүмкін. Егер сіз бөлмені желдетпесеңіз, көмірқышқыл газының мөлшері артады, бұл адамда бас ауруы, әлсіздік және ал-ауқат түрінде оттегі ашығуын тудырады. Біз ұсынатын заманауи шешім – бактерицидті ауа желдеткіштері. Құрылғы бөлменің қабырғасына орнатылады және көмірқышқыл газының көп мөлшері бар бөлме ауасын 60 секунд ішінде тартады, содан кейін бөлмеге сыртқы ауаның келуін қамтамасыз етуге ауысады. Ауа сүзуден және бактерицидтік тазартудан өтеді. Сонымен, құрылғы циклдік жұмыс принципін орындайды. Бұл ретте электр энергиясын өте үнемді тұтыну қажет, – дейді Рустам Қабден.

Ал «STOgram» жобасын алматылық Жандос Тұрсынбаев ұсынады. Бұл жоба автокөлік иелері мен автосервистердің проблемаларын шешуге арналған интернет-сервис болып табылады.

Денеге арналған импланттар

Алматылық ғалым, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасының жеңімпазы Диас Тастанбеков өзін-өзі соратын имплант ойлап тапты.

Жас ғалымдар форумында Диас ұсынған «Су астындағы остеосинтезге арналған биологиялық ыдырайтын плант» жобасын травматология мен ортопедияда қолдану жоспарлануда. Су астындағы остеосинтез – бұл науқастың денесіндегі сүйек сынықтарын бекітетін әртүрлі импланттардың көмегімен сынықтарды емдеу әдісі. Импланттар – түйреуіштер, пластиналар, бұрандалар, инелер және сымдар. Әдетте травматолог хирургтар сынықтарды емдеу үшін титан импланттарын пайдаланады, оларды емдеу аяқталғаннан кейін алып тастау керек.

Біздегі импланттарды жасау үшін қолданатын материал ерекше, ол организмде ериді, бірақ ұлы заттар шығармайды. Сонымен қатар, адам денесінде бола отырып, мұндай имплант МРТ-ға зерттеу жүргізуге мүмкіндік береді, – деп түсіндіреді жас ғалым.

Әдемі күлу

Отандық ғалымдар тіс ауруына қарсы патчтарды ойлап тапты. Инновациялық препарат стоматологиялық қызметтердің құнын төмендетеді.

Олар кальций гидроксипафитімен биологиялық үйлесімді арнайы затты жасаумен айналысады. Отандық өнім қазіргі хирургиялық стоматологияда және жақ-бет хирургиясында, косметологияда жоғалған көлемді қалпына келтіру үшін толтырғыш ретінде қолданыла бастады. Сонымен қатар, препарат фармакологияда және металл импланттарын жабу ретінде қолданылады.

Әзірленген технология аясында синтездің инновациялық модификацияланған әдісі жүзеге асырылады, ол бетінің жоғары меншікті ауданы мен тазалық дәрежесі 95%-ға дейін ұсақ дисперсті ұнтақты алуға мүмкіндік береді. Әзірленген әдістің артықшылығы – бұрын белгілі және бүгінгі күнге дейін қолданылатын әдістермен салыстырғанда оны жүзеге асырудың қарапайымдылығы мен қолжетімділігінде, – деді «Ғылым қоры» АҚ баспасөз қызметі.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.